Кептелістен құтылатын күн жақын
2-бет

«Өрт шығады» деп от жақпасақ, не болады?
3-бет



Әлем рекордындағы алып құрақ
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, 19 ҚЫРКҮЙЕК, 2024 ЖЫЛ №105 (23 427) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Банк туралы заң бұқараға не береді?

Банктердің кері қараған басы бері қарауы тиіс. Пайдаға белшесінен батып, осы күні мұрты көкке шаншылған екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнеске келгенде шық бермес шығайбайлықты қоюы керек. Мемлекет те, бұқара да бір кездері сонау 2009 жылдардағы қаржы дағдарысында деміге бастаған банктерге Үкіметтің дем бергенін ұмытқан жоқ. Әл-дәрменсіз қалғанда елдегі екінші деңгейлі банктер биліктің бауырына тығылып, басына сауға сұраған кез болған. Мемлекет қайырым қылған сол кезде. Енді сол банктердің қазіргі күні кәсіпкерлерге қол ұшын созуы кем. Бір кезде тоңып секірген банк енді жұртқа тоғышарлық танытып жатқаны да өтірік емес. Сондықтан да, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда бұл банктердің елге тиімділігін арттыратын тетіктер қарастыруды тапсырды. Банк туралы жаңа заң қажеттігіне назар аударғаны белгілі. «Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет» деді Президент. Нақты секторға несие берудің жоспардағыдай еместігін де айтқан Президент сонда. Ол былай тұрсын, сырт елдің сарапшылары біздің банктерді «ең көп пайда табатын банктер санатына қосады» екен. Бүгін байлықтың ортасында бейқам күн кешкен банк жүйесі туралы айтпақпыз...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Банк қалай тыныстап тұр?

Қазақстанда дәл қазіргі уақытта 21 екінші деңгейлі банк бар. Ал, Қарағандыда ifin.kz порталының дерегінше, екінші деңгейлі 15 банк жұмыс істейді. «Жалпы, түрлі банктің 67 бөлімшесі қызмет жасап отыр» дейді «караганда.казкредит.ком» сайты.

Енді осы елдегі банктердің экономикадағы несие портфеліне үңілейік. Ұлттық банктің шілдедегі дерегінше, аталған банктер бір айда (шілдеде) 30 519 273 теңге несие беріпті. Оның мәрбесіне қарасақ, 20 724 153 теңгесі – жеке тұлғаларға, ал, 9 795 119 теңгесі – заңды тұлғаларға берілген. Субьектінің типіне шаққанда осы несиенің 11 778 360 теңгесі ғана кәсіпкерлерге бағытталыпты. 18 740 912 теңгесі – тұрғындарға кәсіпкерлік емес мақсатта жол тартқан екен. Президент те Жолдауында, сондықтан да, осыған баса назар аударған-ды.

«Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктер санатына қосады. Сондықтан, осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банктердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Бізге Банктер туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды», – деді Президент.

2024 жылдың жарты жылдығында Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің ссуда портфелі – 32 трлн теңге. Бұл туралы Ranking.kz.хабарлады. Бұл болса, өткен жылмен салыстырғанда 7,1 пайызға, яғни, 2,1 трлн теңгеге көп.

Несие портфелінің өсімі бойынша ірі банктер арасында Bank RBK көш бастап тұр. Ол қаржы көлемін 15,4 пайызға арттырған. Порталдың дерегінше, Bank RBK тұрғындарды да, бизнесті де несиелендіруде белсенді. Проблемалық несие 2 пайызға азайған.

Екінші орында несиелік портфелі өсімінде – Home Credit Bank. Оның үлесі 15,2 пайызға өскен. Дегенмен, есесіне проблемалық несиелер 6,3 пайызға көбейген. Үштікті «Банк Ценрткредит» түйіндеп тұр. Портфелі – 14,6 пайыз. Жалпы алғанда, Қазақстанның 21 банктің арасында 14 банктің кредиттік портфелінде өсім айтарлықтай.

Олигархтарға басыбайлылықтан құтқарады

Банк заңындағы өзгерістер мамандардың айтуынша, көп жайттың күрмеуін шешеді. «Бұл, ең алдымен банктердің жауапкершілігін күшейтіп, банктердің белгілі бір олигархтардың мүддесін қорғаудан құтқарады», – дейді сарапшы-экономист Сапарбай Досжанов.

➤ 4-бет

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Еңбегіне қарай құрметі

2024 жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын ұсынды. Президент өзінің сөзінде экономика, білім, денсаулық, экология, мемлекетті басқару, т.б. маңызды мәселелер туралы сөз қозғады. Оның ішінде 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Бұл жағымды жаңалыққа мамандарды даярлайтын оқу орындарының ұжымы ризашылығын білдіреді. Қазір оқу орындары болашақ мамандарды жұмыс берушімен бірге даярлайды. Мұның нәтижесі зор. Студенттер теорияны тәжірибемен ұштастырады, нәтижесінде мықты мамандар пайда болады. Өзім жұмыс істейтін колледжде техникалық мамандықта оқитын студенттердің барлығы дерлік грантта оқиды. Бұл мемлекет тарапынан берілген жастарға деген қамқорлық деп ойлаймын.

Бір кездері жұмысшы мамандығына көңіл бөлінбейтін, ал, қазір өз мамандығына жылдар бойы адал қызмет жасап жүрген мамандар «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына сай, қоғамдық орындарда бағаланатын болды. Президент өзінің сөзінде «біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан, біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді», – деді.

Осыдан бірер жыл бұрын көп жыл еңбек еткен мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне атақтар беру қажет деген болса, енді инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылатындығын айтты.

Еңбегінің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт беретіні сөзсіз. Еңбек адамның абырой-беделін көтереді десек, болашақта осындай азаматтардың «Әділетті Қазақстан» құруға өз үлесін қосатыны анық.

А.РАХИМБАЕВА,
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің қоғамдық пәндер оқытушысы

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Тең қоғам – тең мүмкіндік

Қарағанды облысы мүгедектігі бар адамдардың саны жағынан республикада үшінші тұр. Қарағанды қаласының өзінде 25 мыңнан астам мүгедектігі бар адам бар. Олардың көпшілігі мамандардың айтуынша, өз құқықтарын білмейді, мемлекет тарапынан жасалып жатқан тиесілі көмекті толық көлемде алмайды. Екі жыл бұрын ашылған «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы аталған кемшілікті жою үшін осы санаттағы азаматтармен нақты жұмысты қолға алған.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, бүгінгі таңда өңірде 54 932 мүгедектігі бар адам тіркелген. Оның ішінде балалар – 5 206. Мүгедектігі бар адамдардың басым көпшілігі жұмыс істеуге қабілетті. Дерек бойынша 32 693 адам жұмыс істеп, нанын тауып, жей алады. Яғни, оларға денсаулық жағдайына қарай жұмыс табуына қолғабыс ету керек. Орталыққа келетіндердің айтатын басты мәселелерінің бірі – осы, жұмыс табуға көмектесу.

Әлеуметтік бейімдеу орталығының жетекшісі Нияз Сүндеталиевтің айтуынша, мұнда жұмыс іздеушілермен қатар, жұмыс берушілер де жиі келеді.

– Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа алуға дайын жұмыс берушілер аз емес. Қазіргі уақытта оларға мемлекет тарапынан айтарлықтай жеңілдік бар. Мәселен, мемлекет мүгедектігі бар адамның еңбекақысының жартысын субсидиялайды. Ол адамды жұмысқа алған кезде арнайы теру машинасын, арнайы жарықтандыру, тактильдік нұсқаулық, дыбыстық құралдарды орнату қажет болса, мемлекет оның да шығындарының бір бөлігін өтеп беруге әзір. Көп жұмыс берушілер бұл туралы біле бермейді. «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», әлеуметтік жұмыс орны және басқа да жобалар бұл адамдарды жұмысқа орналастыруға септігін тигізеді, – дейді Нияз Аделұлы.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

➤ 4-бет

Кептелістен құтылар күн жақын

Қазір Қарағанды қаласының бірнеше жерінде жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс орталығындағы жолдың жөнделіп жатқан аумақтарындағы жұмыстың барысын тексерді. Аймақ басшысы орталықта және қаланың шет жағында орналасқан негізгі учаскелерді аралап шықты.

Қарағанды қаласы Гоголь көшесіндегі «Боулинг» аялдамасынан «Юбилейный» дүкеніне дейінгі жол учаскесін жөндеу жалғасып жатыр. Мердігер компания жұмысты аптаның соңына дейін аяқтауға уәде беріп отыр. Соңғы рет бұл жол алты жыл бұрын толығымен ретке келтірген болатын.

Қазір бұл аумақта заманауи технологиялар бойынша жабынды бутанол қолдана отырып, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Аталған әдіс жолдың сапасын жақсартып, елге қызмет ету мерзімін ұзартатын көрінеді.

Көбіне көлікпен жүретін жұртшылық жақын арада Гоголь – Космонавттар қиылысындағы ыңғайлылықты да сезіне бастайды. Өйткені, мұнда жол айырығын қайта құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оңтүстік-Шығысқа қарай үшінші жолақ қосалмақ. Яғни, бұл жердегі жол айырығы үш жолақты болады.

Ал, Прогресс көшесінен Сәкен Сейфуллин даңғылына дейінгі Бадин көшесіндегі жол жөндеу жұмысы да аяқталуға жақын. Мұнда жол төсемі толығымен ауыстырылып, асфальтбетон жабынының екі қабаты төселіпті.

Жаяу жүргіншілер жолын

жабдықтау, жол жиектерін реттеу ғана қалған. Сонымен қатар, мұнда жарықтандыру жұмысының сапасын арттырып, заманауи шамдар орнату жоспарланған.

Одан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев жаяу жүргіншілер өтетін өткелдердің барлық белгілері жарықтандырылуы тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ, жолаушылар осы көшеде автобус бағытын іске қосуды сұрап отыр. Тұрғындар бұл туралы көптен бері айтып келеді.

Тағы бір айта кетер жайт, 49-шы автобус бағыты бойынша – Костенко шахтасы ауданында Пришахтинск бағытында жолдың жағдайы нашар болған еді. 6 шақырымға жуық жолды ресайклинг әдісі арқылы қалыпқа келтіру жұмыстары да аяқталуға жақын тұр.

Қазір жұмысшылар төменгі қабатты төсеп жатыр. Бұл жұмыс аяқталғасын қиыршық тас-мастикалық асфальтбетонның тағы бір қабаты төселмек. Ермағанбет Бөлекпаев бұл жұмысты жеделдетуді тапсырып, сапасын мұқият бақылау қажеттігін айрықша атап айтты.

Аймақ басшысы облыс орталығының Ескі Тихоновка бөлігіндегі Маршак көшесінің жөнделуін де қарап шықты. Мұндағы тұрғындар да орын алып жатқан оң өзгерістерге қуанышты.

– Биыл біздің көшелерімізге жарықшамдар орнатылып, асфальт төселді. Ойын алаңына да ризамыз. Біз 40 жыл бойы күттік, шыдадық. Енді қол жеткен игіліктің сол қалпында сақталуын, таза болуын және біреулердің оны сындырып кетпеуін қадағалап жүрміз. Бейнекамера сатып алып, орнатып қойдық. Өйткені, мемлекеттің қаржысына жасалған дүниені қорғау, оған ие болу – міндетіміз, – дейді аудан тұрғыны Ольга Логвин.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев «Шетсіз қала» бағдарламасы туралы да кеңінен айтып берді.

– Бұл бағдарлама бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Сондықтан, балалар алаңы мен спорт алаңдары қаланың орталығы немесе шетіне қарамастан барлық жерде орнатылады. Қаланың барлық жері жайлы болу тиіс, – деді аймақ басшысы.

Дерекке сүйенсек, жоғарыда айтқан кептелістің жайы да облыс әкімдігінің назарынан тыс қалып отырған жоқ. Атап айтсақ, Қарағанды көшелеріндегі кептелістермен күресу үшін «Ақылды бағдаршам» жүйесі сынақтан өткізілуде. Көліктердің ағынын реттеуде жасанды интеллект қолданылмақ. Нақты уақыт режимінде бағыттардың жүктемесіне байланысты жүйе бағдаршам сигналдарын ағымдағы жол жағдайына сәйкес реттейді. Бүгінде жабдық сатып алынған. Осы күзде жүйе толық сынақтан өтеді. Ал, келесі

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жылдың көктемінде пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Ақылды бағдаршамның» инновациялық жүйесі – жолдағы кептелістерден арылуға көмектесіп, жүргізушілер үшін жол жүру уақытын едәуір қысқартады.

Қазір қалада 200-ге жуық бағдаршам орнатылып, оның 110-ы интеллектуалды көлік жүйесіне қосылған. Жыл соңына дейін барлық қалған бағдаршамдарды қамту көзделіп отыр.

– «Ақылды бағдаршамдар» бірнеше режимде жұмыс істейді. Бейімделгіш және «жасыл толқын» режимі. Соңғысы көлік ағыны қарқынды көшелер үшін өте қолайлы. Қарағандыда мұндай көшелердің қатарына Бұқар жырау даңғылы, Гоголь көшесі, 7-ші магистраль кіреді. Белгілі бір уақыт көрсетіледі және барлық бағдаршам бір нысан ретінде әрекет ете бастайды. Толқынға түсе отырып, көлік кептеліссіз бір нүктеден екінші нүктеге жетеді, – деп түсіндірді Қарағанды қаласының ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жолаушылар көлігі секторының меңгерушісі Темірлан Талдыбаев.

Адаптивті режим жүйеге күннің әртүрлі уақытында таңертең, түстен кейін және түнде бейімделуге мүмкіндік береді. Арнайы детекторлар машина ағынының қарқынын бақылайды да, сол дерекке сүйеніп, бағдаршамдардың жұмысын автоматты түрде реттейді. Бұл, әсіресе, кішігірім көшелерде тиімді болмақ.

Қаладағы барлық бағдаршамдар бірыңғай басқару орталығына қосылып, тәулік бойы диспетчерлер бақылауында болады. Бұл – жүйенің іркіліссіз жұмыс істеуін және кез келген орын алуы ықтимал ақаулардың жедел шешілуін қамтамасыз етеді.

– «Ақылды бағдаршамдардың» негізгі міндеті – көліктердің қалада бекітілген жылдамдықпен жүруін қамтамасыз етіп, кептелістерді жою. Бұл экологиялық жағдайдың жақсаруына да ықпал етеді. Бағдаршамдарда машиналар неғұрлым аз болса, олардан бөлінетін шығарындылар да азаяды, – дейді Темірлан Талдыбаев.

Жалпы алғанда, биыл Қарағандыда 128 шақырым жолды жөндеу және қалпына келтіру жоспарланған.

Асфальт мүлдем жоқ жеке сектордың көшелері де бұл игіліктен құр қалған жоқ. Бұл аумақтағы тұрғындар да қара жолдан құтылып, қуанып отыр.

– Бүгінгі күні орташа жөнделген учаскелердегі жұмыс 90%-ға аяқталса, күрделі жөнделіп жатқан аумақтар бойынша да 90%-ға жетті. Барлық учаскелерде асфальтбетонның беріктігін ұзарту үшін жаңа технологиялар қолданылуда. Негізгі жұмыстың барлығын қыркүйек айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Қыс мезгіліне дейін жекеменшік сектордағы жұмыстар да біржақты болады. Қаланың Күнгей, Пришахтинск, Майқұдық және Сұрыптау бөліктеріндегі қажетті деген көшелерге қиыршық тас төсейміз, – деді қала әкімінің орынбасары Рүстем Қожақопанов.

Одан бөлек, облыс әкімі Оңтүстік-Шығыс ауданында абаттандырылып жатқан «Алаш» саябағын аралап шықты.

Мұнда спортпен айналысуға арналған және балалардың ойын алаңдары бой көтереді.

Сондай-ақ, бірнеше шағын сәулет пішіні, «Алаш» партиясының мүшелерін, яғни, ұлтымыздың белгілі қайраткерлерді бейнелейтін металл конструкциялар орнатылмақ.

Ашық кітапхана павильонында ұлттық қозғалысқа ұйытқы болып, рухын жаныған айтулы ұлт перзенттерінің еңбегімен танысуға да мүмкіндік жасалады.

Аталған жаңа алаңның ашылуы қазан айының соңына жоспарланып отыр.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Танысу мақсатында табан тіреді

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қазақстан Республикасындағы Нидерланды Королдігінің елшісі Нико Схермерс мырза Қарағандыға танысу мақсатында сапарлап келіпті. Мәртебелі қонақты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, кездесу өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елшінің аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесуі барысында екі жақтың арасындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері жан-жақты талқыланды.

Ермағанбет Қабдулаұлы аймақтың өнеркәсібі, мұндағы инвесторлар үшін мүмкіндіктер туралы айтып берді.

– Биыл «Сарыарқа» АЭА аумағында Нидерланд капиталының – кешенді қорытпалар шығаратын зауыттың қатысуымен жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Облыс аумағында экономиканың түрлі салаларында Нидерланды компанияларының 26 кәсіпорны мен өкілдігі жұмыс істейді. Атап айтсақ, сауда, тау-кен һәм өңдеу өнеркәсібі, Ауыл шаруашылығы және тағы басқа. Жалпы, облыстың сыртқы сауда айналымы алты айда 2,8 млрд АҚШ долларынан асты. Кәсіпорындарымыздың өнімі әлемнің 50-ден астам еліне, оның ішінде, Нидерланды Королдігіне экспортталатынын атап өткен жөн, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар, облыс әкімі тек өнеркәсіпте ғана емес, білім беру мен спорт саласында да өзара тиімді әріптестікті кеңейту мәселесін ортаға салды.

– Бір жыл бұрын Қазақстан Республикасындағы елші лауазымына тағайындалдым. Қазір аймақтар туралы көбірек білуге тырысып жүрмін. Сіздердің аймақтың аумағы Нидерланды Королдігінен алты есе үлкен. Ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігі мол. Сондықтан да, сапар барысында пайдалы іскерлік ақпарат алғым келеді, – деп атап өтті Нико Схермерс.

Бұдан бөлек, кездесуде өзге де өзекті мәселелер назардан тыс қалған жоқ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жастармен жүздесті

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелерімен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын талқылау мақсатында онлайн-кездесу өткізді. Кездесу барысында қолда бар бос жұмыс орындары туралы айтылып, бұл бағыттағы мәселелер тілге тиек етілді.

Кездесуді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ұйымдастырды. Онлайн-кездесуге 50-ге жуық резервші қатысты. Онда кадр саясаты мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар айтылды. Резервшілер кездесудің ақпараттылығы мен пайдалылығын да атап өтті.

– Біз Қарағанды облысына білімді және әлеуетті қызметкерлерді тартуға мүдделіміз. Сіздердің әрқайсыларыңыз еліміздің игілігі үшін адал еңбек ете алатындарыңызға сенімдімін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Біздің өңірде жергілікті атқарушы органдардың жұмысына тікелей тәуелді бірқатар әлеуметтік маңызды жобалар іске асырылуда. Біз 18 жасқа дейінгі балалардың автобустарда тегін жол жүруін іске асырдық, бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етеміз, өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін мамандарды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша дайындаймыз. Мұның бәрі облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен алғаш рет әр өңірде талантты жастар арасынан жаңашыл ойлайтын жас басқарушылар тобын қалыптастыру мақсатында ақпан-тамыз айлары арасында іріктеу жұмыстары жүргізілген болатын.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

«Өрт шығады» деп от жақпасақ, не болады?

АЭС тақырыбы ешкімнің ел ертеңіне бейжай қарамайтындығын көрсетті. Соған қуандық. Азаматтардың қоғамдық белсенділігі еліміздің даму бағдарын бағамдайтын өлшемге айналған екен. Құба-құп!

АЭС құрылысын қолдайтындар да, наразы топ та өз уәждерін көлденең тартып, өз ұстанымдары мен пікірлерін дәлелдеуге тырысып бағуда. Бұдан қорқатын да, түңілетін де ештеңе жоқ. Әсіресе, наразы топты түсінуге болады. «Күйген ауызбен үрлеп ішуге» негіз болған бір ғана Семей полигонының зардабы жетіп-артылады. Шайлыққан жүрек, қаймыққан бет «Атомы құрысын!» деген пікір айтқызып отыр. Орынды делік. Алайда, кейбір белсенділеріміздің қатты кетіп жатқаны да жасырын емес.

Мінберге шыққан маманды беттен алып қажеті жоқ еді. Әлеуметтік желіде қолдау пікірін қалдырған замандасты күстаналап қайтеміз... АЭС құрылысына қарсы пікір білдіруші топтың айтуынша, бұлардың барлығы – биліктің сойылын соғушылар. Солай-ақ, болсын. Ал, сонау 90-шы жылдардың өзінде АЭС-тің тиімділігі мен қажеттілігін нақты деректерге сүйене отырып жазып, осыдан 21 жыл бұрын өмірден өтіп кеткен қазақ журналистикасының корифейі, жазушы-публицист, қажырлы қайраткер Камал Сейтжанұлы Смайыловтың пікіріне не айтамыз? Бірге салмақтап көрелік...

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

«Атом күшін ақырына дейін пайдалану керек»

Камал Смайылов – қазақ журналистикасында өзіндік мектеп қалыптастырған дара тұлға. Ол кісінің ғылыми-танымдық публицистикадағы қадау-қадау еңбегі қазақ көсемсөзінің «Алтын қорына» айналған. Не жазса да, мәселені тамырынан талдап, нақты дәлелдер мен дерекке сүйене отырып жазған Камал Сейтжанұлынан асқан публицисті мен әлі оқыған жоқпын. Қазіргідей ақпарат көзі (интернет) тапшы заманның өзінде деректерді байлап-матап, цифрларды ойнатып жазудағы шеберлігі, салыстырмалы статистикаға жүйріктігі – Камал ағаның мойындалған «қамалы».

Бір ғана ұлы қаламгер Шерхан Мұртаза екеуінің «Егемен Қазақстан» газетінде «Елім, саған айтамын, Елбасы, сен тыңда!» айдарымен жарияланған хаттарының өзі неге тұрады?! Ұлт руханиятының қос алыбы кезек-кезек елдік мәселені өткір көтеріп, қоғамның дертін дөп басқан тамыршыдай болғандығын қалай ұмытайық?! Камал Сейтжанұлы қай тақырыпты қаузаса да, ақиқаттан айналып өткен кезі болмаған екен. Атом тақырыбын да кәнігі ядролық физика маманындай терең толғап, бүгінгі жер планетасындағы энергия тапшылығын да осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын болжап кетіпті.

«Иә, атом апатынан зәрелері ұшып, қорқып қалған халық, ядро табиғаты жөнінде білім-түсінігі аз белсенділер байбалам жасап, ядролық энергетикаға қарсы шығып отыр. Жұртқа түсіндіру, ұғындыру қажет. Бас тарту – оңай, жол табу – қиын! АЭС салмай-ақ, Қазақстанда қазір радиация ошақтары 30 мыңнан асады. Олардың қатарында көмірмен, газбен жылытылатын жылу электр станциялары бар. Бүгінгі мәселе – атом өнеркәсібін тежеу, тоқтатуда емес, соны қорғана отырып пайдалануда»

Атом тақырыбына жазылған «Атом – ауыздықталған апат», «Термоядролық қуат қашан бағынады?», «Атом полигоны неге бізге орнады?», «Қазақстанға ядролық қару қажет пе?», «Адамзат апат алдында тұр ма?», «Қаржыны қаруға емес, дамуға...», «Атом айбар ма, ажал ма?», «Өзгеше технология бәрін өзгертеді», «Ел қуатын энергиямен өлшейді» атты мақалаларында біз бүгінгі күні үстірт айтып, үрей шақырып жатқан мәселенің баршасы дәйекті дәлел, тұғырлы тұжырымдарға негізделіп, атом қуатының қажеттігі егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

Бір ғажабы, ол әңгіменің әлқиссасын атом элементінің өзінен бастап, оның химиялық құрамы, атом бөлшектерінің қозғалысына дейін тәптіштеп береді ғой. Зер салып, зерделеп көріңіз...

«...Ядроның кіндігі протон да, оны айналып қоршаған нейтрондар бар. Оң зарядты (электрондар теріс зарядты ғой) протонды заряды жоқ нейтрондар қоршайды, сөйтіп, ядро түзіледі. Ал, қазір ядролық реакциялар жүргізгенде, ядроны протондармен (олар электрондардан салмақты, ауыр болады, сондықтан, нысанаға соққанда көп энергия туғызады) атқылайды», – деп бастайды да, (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 228-бет) сараптама сарынын атом қуатының тиімділігі мен артықшылықтарына ауыстырады.

«Қазір елімізде (Кеңес Одағын айтып отыр, Е.М) жеті алып АЭС жұмыс істеп тұр. Олар бір жылда 50 миллиард кВт/сағаттан аса қуат өндіреді. Осынша энергияны алу үшін 17 миллион тонна органикалық отын жағуға тура келер еді. Ал, оларда бірнеше килограмм ураннан басқа ештеңе жоқ, ештеңе керек емес!

...Демек бір грамм уран 1,5 тонна антрацит көмірдің берген энергиясындай қуат беретін болса, бұл адамзат үшін аз байлық емес», – деп дәйектейді «Атом – ауыздықталған апат» (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 230-231-беттер) атты мақаласында. Әрине, бүгінгі цифрлар өзгерген шығар. Бірақ, Камал Смайылов осы мысалдары арқылы емеурін еткен мақсат өзгерген жоқ. Біз барынша үнемшілдікке дағдыланып, аз шығынмен көп қуат өндіретін мүмкіндікке қол жеткізуіміз керек. Оның жолы – АЭС салу.

Ядролық дәуірдің артықшылығын бұлжымас ғылыми тұжырымдар арқылы тәпсірлеген Камал ағаға таң қалғаннан басқа қайраның қалмайды-ау.

АЭС құрылысына қарсы дау айтып жүрген топтың уәжі – бар болғаны 3-4 сұрақтың айналасында. Мәселен, олар атом станциясының экологиялық тұрғыдан зиянды ғығын айтады. Маман тапшылығын тілге тиек етеді. Ядролық қалдықтарды көметін «мүрдехана» (Камал аға осылай жазған екен) жоқ деп зар қағады. Олардың ойынша, мемлекеттің, сол мемлекетті құрушы халықтың қауіпсіздігі билік ойыншық көретін секілді.

«Қазір дүние жүзінде бір миллиард адам электр энергиясының игілігін көре алмай отыр. Ал, қазіргі мүмкіндікті жұмылдырып, барлық адамзатты электр энергиясымен түгел қамтамасыз етуге осы ядролық қаруға жұмсап жатқан қыруар қаржының бір аптадағы мөлшері ғана жетеді екен»

Осы және басқа да күмән арқалап, күдік жетектеген сұрақтарға Камал көкем тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ жауап беріп кетіпті.

АЭС – бомба емес, болашақтың қуаты

Иә, атом электр станциясы мен атом бомбасының арасы жер мен көктей екенін айтып та, жазып та жатырмыз. Мамандар тарқатып жазды. Ғалымдар жіліктеп берді. Уранның қандай жағдайда бомба, қандай жағдайда болашақтың энергиясы болатынын баршамыз жақсы біліп-ақ отырмыз. Бейбіт мақсаттағы атомның берекелі болатынын физиканы оқыған әр оқушы біледі. Сонда да АЭС жобасына қасқайып қарсы тұрып алдық. Неге? Үрей бар. Қорқыныш бар.

Өзінің «Қаржы қаруға емес, дамуға...» атты мақаласында Камал Смайылов КСРО деген даңғой державаның 1949-1990 жылдары ядролық қаруға жұмсаған қаржысын шотқа салып, сол қыруар қаражатты бейбіт мақсатқа жұмсаса, қандай игілікті жобаларға қол жеткізетінімізді «соқырға таяқ ұстатқандай» түсіндіріп береді. Қалам қайраткері:

«...Қазір жыл сайын болашақ ядролық соғыстың қажет-қамына бар әлемде жұмсалатын қаржыны бейбітшілік мақсатына жұмсаса, оған қанша, қандай материалдық игіліктер жасауға, алуға болар еді? Және нақты деректермен салыстырып көрелікші.

– Бұған жалпы қуаты 120 миллион киловаттан асатын жылу электр станцияларын салуға болар еді. Бұл – басқаша айтқанда, бізде орнатылып жатқан Екібастұз энергия ордасы секілді 6 алыпты бір жылда тұрғызу деген сөз!

– Бұған тағы да бір жылда 4 миллиард тонна мұнай өңдейтін мыңнан астам жаңа зауыт салуға болар еді. Бұл – қазір дүние жүзінде жылына өндірілетін бар мұнайға қоса тағы да содан бір жарым есе көп мұнайды өңдеу деген сөз!

– Бұған егістікке сонша қажет минералдық тыңайтқыштар өндіретін төрт мың химиялық зауыт салуға болады. Бұл – бар тыңайтқыш көлемін қазіргіден төрт есе көбейту.

Айға адамның ұшып баруы, сонда болып, қайта оралуы 25 миллиард долларға түскені мәлім. Ендеше, бір жылғы соғыс шығындарын ғарыштық іске жұмсаса, бір жылдың ішінде Айға 13-15 рет ұшып барып келуге болады екен», – деп, өкініш білдіреді (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 278-бет). Неткен математика?! Не қылған шеберлік?!

Камал ағаның шығармашылық шеберлігіне тамсанып отырып, негізгі тақырыптан ауытқып кетпейін... Соғыс шығындарын тиын-тебеніне дейін есептей отырып, Камал көкем атасы бір атомның ыдыраған түрінен жаппай қырып-жоятын қару жасағаннан, жалпақ әлемді жылуға бөлеп, жердің бетін өзі «жасанды күн» деп атаған АЭС қуаты арқылы жап-жарық қылудың әлдеқайда тиімді әрі бомбаға қарағанда қауіпсіз екенін дәлелдейді.

Қараңызшы, Камал ағаның: «Қазір дүние жүзінде бір миллиард адам электр энергиясының игілігін көре алмай отыр. Ал, қазіргі мүмкіндікті жұмылдырып, барлық адамзатты электр энергиясымен түгел қамтамасыз етуге осы ядролық қаруға жұмсап жатқан қыруар қаржының бір аптадағы мөлшері ғана жетеді екен», – деген салыстырмалы мысалының (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 276-бет) өзі энергияның маңыздылығын меңзеп тұр емес пе?! Ендеше, атом бомбасы қатерін, атом қуатының игілігін тани білетін таным керек бізге! Өйткені, АЭС – болашақтан да арғы болашаққа баратын қуат көзі!

Оны Камал аға осыдан 35 жыл бұрын айтып, жазып кеткен...

Камал Сейтжанұлының тағы бір емеуріне назар аудара кетелік. Бұл емеуріні – бүгінгі наразы топтың «АЭС салынса, орасан радиацияға душар боламыз», – деген үрейіне нақты жауап. Камал аға айтады: «Әрине, реактордың ішіндегі радиация күші – ғаламат. Ал, сырттағы әсері әлсіз. Теледидардан шығатын рентген сәулесінен, кәдімгі ауадағы үйреншікті (фоновая) мөлшерден артпайды. Қазіргі АЭС-терден бөлінетін радиация мөлшері нормадағы қалпының бір пайызына жетпейді. Суға да, ауаға да радиоактивті қалдықтар жіберілмейді», – деп.

Камал Сейтжанұлы осыдан 30 жыл бұрынғы реакторлар туралы айтып отыр. Ғарыштық жылдамдықпен дамыған ғылыми технология атом реакторларының III+, IV буынын өндіріске енгізіп жатыр.

Сонда біз неге даурығып жүрміз?

«Бас тарту – оңай, жол табу – қиын»

АЭС құрылысы туралы бастама сонау 90-шы жылдары көтеріліп, ол кезде аяғынан енді ғана қаз тұрған Қазақстанның қаржылық мүмкіндігі болмағаны туралы газетіміздің өткен санындағы «Атомның алтын дәуірі» атты мақаламда жазған болатынмын. Ол кезде де бұл мәселе қызу талқыланған.

Әйтпесе, Камал Смайылов: «Иә, атом апатынан зәрелері ұшып, қорқып қалған халық, ядро табиғаты жөнінде білім-түсінігі аз белсенділер байбалам жасап, ядролық энергетикаға қарсы шығып отыр. Жұртқа түсіндіру, ұғындыру қажет. Бас тарту – оңай, жол табу – қиын! АЭС салмай-ақ, Қазақстанда қазір радиация ошақтары 30 мыңнан асады. Олардың қатарында көмірмен, газбен жылытылатын жылу электр станциялары бар. Бүгінгі мәселе – атом өнеркәсібін тежеу, тоқтатуда емес, соны қорғана отырып пайдалануда», – деп жазбас (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 254-бет) еді. Камал ағаның бұл пікірі тура бүгін айтылған секілді. Бұл дегеніміз – қаламгердің әулиелігі! Яғни, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінің өзінде АЭС жобасы қызу талқыға түсіп, таразыға тартылған.

«...Атом реакторлары жұмыс істей бастаған 40 жылдың ішінде осы атом реакторларының зардабынан дүние жүзінде 69 адам өліп, 25 мың адам ауыр дертке шалдыққан екен. Ал, автомобиль апаттарынан жылына бізде ғана 60 мың адам өледі. Адамдардың өмірін қысқартуға ықпалы зор факторлар мен құбылыстардың ішінде АЭС – 49-орында»

Атом қуатының үнемділігі мен тиімділігі туралы, экологиялық қауіпсіздігі туралы бүгін де айтылып жатыр. Мамандар дәлелдеп бағуда. Бірақ, біздің қоғам, әсіресе, әлеуметтік желідегі белсенділер мойындар емес. Сөз басында айтқанымдай, олар үшін АЭС құрылысын жақтаушылар жағымпаздар шығар. Бірақ, аруақпен арпалыса қоймас. Ендеше, тағы да Камал ағаға жүгінейік...

«...Көмір жағатын жылу электр станцияларына қарағанда, АЭС – әлдеқайда таза. Қоршаған айналасына зиянды деген радиоактивті заттар 500-1000 еседей аз шығарылады екен. АЭС-тер ауаға ешқандай көмірқышқыл газы мен күкірт тотығын шығармайды. Ал, қазір жер бетіндегі барлық жылу электр станциялары жылына 200-250 миллион тонна күл шығарып, 60 миллион тонна күкірт ангидридін ауаға жібереді екен. Ал, алдағы жылдары күлдің көлемі 1,5 миллиард (қазіргіден 6-8 есе көбейіп), ауаға кететін күкірт тотығы 400 миллион тоннаға жететін көрінеді», – деп жазды (Үш томдық шығармалар жинағы, II том, 231-бет) «Атом – ауыздықталған апат» атты мақаласында.

Осылай дәлелді сөз, дәйекті пікір айта отырып, «Дүниеде қауіп-қатерсіз атом станциясы, атом реакторы болуы мүмкін деген ғалымдардың сөзіне қазір жұрт сенбейді», – деп қынжылады. Сенімсіздікке серпін беретіндей себептердің бар екенін өзі де мойындайды. Алайда, атом станцияларында болған апаттардың көбі техникалық-технологиялық кемістік-ақаулардан ғана емес, адами фактордың салдарынан болғанын дәлелдейді. Яғни, XX ғасырдың ең ауыр қасіреті болған 1986 жылғы Чернобыль апаты сол АЭС-те жұмыс істейтін адамдардың салғырттық-сауатсыздығынан болған дегенді шегелеп айтады. Ойланып қаласың...

Осы пікірін қорытындылай келе: «Ендігі міндет – сол басқарып-бақылап отыратын адамдар көрмей-білмей қалғанда да, аңғалдық-аңқаулық танытқанда да, соған қарамастан, реактордың қауіп-қатерлі бөліктері өздігінен тоқтап, суынып, апатты болдырмай тастайтын жағдай жасау», – деп түйіндейді. Бүгінгі атом саласы мамандарының айтуынша, қазіргі АЭС-терде Камал аға талап еткен қауіпсіздік ерекшеліктерінің барлығы бар.

Қаламгер болашақ тақырыптарын тап-тұйнақтай игеріп шығу үшін көп ізденген. Деректерді аспаннан алмай, атом өнеркәсібі нысандарын көзімен көріп, қолымен ұстап, ой түйген. Атом қуатының тиімділігіне көзі жеткен соң ғана, «кешегі күні – арман, бүгінгі күні – қорған» болған ядролық отынның болашақтың энергиясы болатынын дөп болжайды:

«...Біз Ақтаудағы шапшаң нейтронмен жұмыс істейтін реактордың басы-қасында (реакция жүріп жатқан от ортасынан жеті метр жерде тұрдық) болып, оның қасиет-сипатын толық білдік, ұғындық. Атомдық реакторларда қуат беретін уранның бір грамы екі жарым тонна көмірге тең қуат береді. Осындай саты-кезеңдерден өткен, марқайып, қанатын жайып өскен атом энергетикасы бұл күнде энергияның басты көзіне, барған сайын тасқындай түскен бұлағына айналады».

...Парасатты публицист, қажырлы қаламгер Камал Смайыловтың халық санасындағы радиофобиялық көзқарасты түбегейлі өзгертіп, атом энергетикасы туралы жаңа көзқарас қалыптастыруға септігі тиер бірталай сергек пікірлерін, тұщымды тұжырымдарын шамамыз жеткенше тәпсірлеп шықтық. Дерегі ой түюге, керегі кәдеге жарап қалар...

Атом қатері жол апатынан қауіпті емес

Камал Смайыловтың атом туралы жазбаларындағы ең құнды дерек салыстырмалы статистикасында жатыр. Ол мынадай мысал келтіреді:

«...Атом реакторлары жұмыс істей бастаған 40 жылдың ішінде осы атом реакторларының зардабынан дүние жүзінде 69 мың адам өліп, 25 мың адам ауыр дертке шалдыққан екен. Ал, автомобиль апаттарынан жылына бізде ғана (Кеңестер Одағын айтып отыр, Е.М) 60 мың адам өледі. Адамдардың өмірін қысқартуға ықпалы зор факторлар мен құбылыстардың ішінде АЭС – 49-орында».

Енді, көлік апаты салдарынан бір жылда өлім құшатын 60 мың адамды 40 жылға көбейтіңіз. 2 миллион 400 мың адам. Айту тұрмақ, ойлауға келмейтін қаралы статистика...

Уран құрамындағы электрондар мен нейтрондар секілді сапырылысқан көлігі көп қазіргі дәуірде бұл статистика қанша есеге өсті екен?! Еліміздің Ішкі істер министрлігі таратқан мәліметтерге сүйенсек, биылғы жылдың өткен жеті айында жол-көлік оқиғалары салдарынан 1300-ге жуық адам көз жұмып, 16 мыңнан астам адам жарақат алған. Жарақат алған осынша адамның барлығы бірнеше қайталап рентген, компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография аппараттары арқылы тексеруден өту барысында ағзаларына өте көп мөлшерде рентген, гамма сәулелерін қабылдайды. Оның соңы – қатерлі ісік.

Міне, АЭС-тен бас тартқанымызбен, біздің технологиялық төңкерістер дәуіріндегі «жетістігіміз».

Міне, атомнан айналып қашқандағы шыққан ұшпағымыз...

Ойланайық! Уақытыңыз болса, Камал ағаның «XXI ғасырға саяхатын» бір қайталап оқып шығыңыз.

«Өрт шығады» деп, от жақпай отырамыз ба?

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Тарихи құндылық – кездесу өзегі

Кеше Финляндия елінің соғыста қаза тапқандарды еске алу жөніндегі фин қауымдастығынан бір топ делегация келді. Олардың бұл сапарының басты мақсаты – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан фин азаматтарын анықтау және қайта жерлеу екенін кездесу барысында атап өтті. Кездесу Қасым үйінде өтті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Нұрлан Бикенов делегация мүшелерін қарсы алды. Нұрлан Рахметуллаұлы келген қонақтарға өңір туралы ақпарат берді. Ол аймақтың бірінші жартыжылдықтағы сыртқы тауар айналымы 2,8 млрд АҚШ доллары екенін атап өтті.

– Финляндиямен сыртқы тауар айналымы 15,7 млн АҚШ долларын құрады. Біздің өңірдің өнімдері әлемнің 50-ден астам еліне экспортталады. Біз сіздердің елдеріңізбен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық әріптестік аясында жұмыс істеуге мән береміз. Сіздердің сапарларыңызға да қолдау білдіруге әзірміз, – деді Нұрлан Бикенов.

Бұл фин елі делегация өкілдерінің бізге бірінші келуі емес. Спасск мемориалдық кешенінде фин әскери тұтқындарына арналған ескерткіш белгі бар. Ол алғашқылардың бірі болып, 1994 жылы орнатылған.

Соғыста қаза тапқандарды еске алу жөніндегі фин қауымдастығы мүшесі Пертти Суоминен алғысын білдірді. Ол өз сөзінде қауымдастықтың 1998 жылы құрылғанын, содан бері майдан даласында қаза тапқан өз елінің азаматтарын іздестірумен айналысып келе жатқанын жеткізді.

– Біздің зерттеуіміз бойынша Қазақстанда 250-300 фин солдаты тұтқында болған. Олардың негізгі бөлігі Қарағандыдағы №99 лагерьде, қалғаны Ақтөбедегі №7 лагерьде. Қазақ жерінде 192 фин жауынгері қайтыс болған, оның 169-ы – осы Қарағанды жерінде. Біз сіздерге ниеттеріңіз бен көмектеріңізге алғыс айтамыз, – деген ол фин жерінде де қайтыс болған қазақтар бар екенін атап өтті.

– 1941-1944 жылдары тұтқындар лагерінде немесе госпитальдарда шамамен 64 мыңдай Кеңес одағы әскері болған. Оның 19 мыңдайы көз жұмған. Құжаттарға сәйкес, сол кеңес жауынгерлерінің арасында 83 қазақ жауынгері бар, – деді Пертти Суоминен.

Делегация өкілдері кездесуден кейін Спасск мемориалдық кешеніне және ҚарЛаг мұражайына барды.

Сурет **автордан**

Банк туралы заң бұқараға не береді?

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Президент Жолдауында банк жүйесін реформалау әрі банктердің жауапкершілігін көтеру қажеттігі туралы мәселені көтерді. Неге? Себебі, бүгінде Қазақстанның банкі әлемдегі алдыңғы қатарлы жүйеге қосылды. Біз Ресейден кейінгі екінші орында едік. Қазіргі таңда Ресей санкцияға түсіп, қиын жағдайға тап болды. Сондықтан, ТМД ішінде бірінші орындағы банк жүйесіміз. Бірақ, сонда да бізге бұдан да жүйені жетілдіру қажет. Президент банктер жауапкершілігін арттырып, олардың кәсіпорындарға көбірек несие беруін ынталандыратын, жауапкершілікті несие алушыға ғана емес, банктерге де жүктейтін заңнаманы өзгертуге ұсыныс жасады. Бұл арада екі мәселе бар.

Бірінші мәселе – корпоративтік ұйымдарға банктердің несие беруі. Бізде 23-24 банк болса, оның екеуі ғана – мемлекеттік. Қалғаның бәрі – кәсіпкерлік, яғни, коммерциялық банктер. Сондықтан, олар кімге несие беріп, кімге бермеуді өздері шешеді. Алайда, әрбір банк қандай да бір жеке олигархтардың мүддесін қорғайтын банктерге айналғаны да жасырын емес. Банктердің атауларының өзі құрылтайшылары кім екенін көрсетеді. Міне, содан да, олар өздерінің сыбайлас кәсіпорындарына несиені өте арзанға беріп, ал, жауапкершілікті жеке тұлғаларға, басқа ұйымдарға жүктеп жібереті жүйе пайда болды.

Дегенмен, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осы мәселелерді реттеуде. Олар пруденциялық нормативтерді иеленді. Мәселен, ол нормативтердің бір кәсіпорынға он бес пайыздан артық несие бермеу, сыбайластарға аз беріп, бүтін халыққа жұмыс істеуді көздейтін талаптары бар. Осы нормативті көптеген банктер қолданбайды. Ал, банктерге жаза қолдануға келгенде, оның сыртында олигархтар, биліктегілер, депутаттар, министрлер, әкімдер тұрады. Осыны өзгерту үшін біз пруденциялық нормативтегі талаптарды заң дәрежесіне көтеруге тиіспіз. Онда ол ертең банктердің бүгінгідей мемлекет облигациясын сатып алып, емін-еркін отырып, тек сыбайластарына арзандатылған несие таратып, қалғандарына ауыртпалық түсіруге мүмкіндік бермейді. Бұл арада – банктерді олигархтарға басыбайлы мүдделігінен шығару тұр, – дейді Сапарбай Досжанов.

Сарапшы, сонымен бірге, Президенттің шетелдік банктерді Қазақстанға шақырту қажеттігін де еске салғанын құптайды. Оның айтуынша, елде шетелмен жұмыс істейтін он екі банк бар. Оларды әлі көптеп тарту – басқа кәсіпорындардың, басқа халықтың әділетті банктермен жұмыс істеуіне ықпал етіп, бәскелестік артады деген көзқараста сарапшы.

Сурет ашық дерекқоздан

Жаңа заң микрокредиттік ұйымдардан құтқара ма?

Жоғарыда атап өткеніміздей, халықтың тұтыну несиесі басқа несиеге қарағанда әлдеқайда көп. Соның ішінде, микроқаржы ұйымдарының несиелерін беру тәртібі жаңа заңда ескерілуі керек деп санайды сарапшы.

– Екінші мәселе – жеке адамдарға тұтыну несиесін беру. Әсіресе, микронесиелік ұйымдар. Жеке адамдардың төлем қабілетіне, мүмкіндігіне қарамастан өздерінің тәуекелдерін жеке адамның мойнындағы пайызға іліп қояды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы Мәдина Әбілқасымова ондағы пайызды 56 пайызға дейін түсіруді ұсынды. Кезінде одан да көп еді. Енді оны 40 пайызға дейін түсіру керек деген ұсыныс бар.

Десе де, мен мұны аса құптай қоймаймын. Себебі, ол микронесиелік ұйымдар өзара бәсекелестікпен пайызды төмендетуі керек. Бұл ұйымдардың керісінше жауапкершілігін күшейту керек. Төлем қабілеті жоқ адамдарға онлайн несие беруде жауаптылықты арттыру қажет. Осының бәрін заңдық деңгейге жеткізу күн тәртібінде тұр. Кезінде Григорий Марченко оларды кәсіпкерлікке еркіне жіберді. Содан бұлар кәсіпкер ретінде ойларына келгенін жасағанын білеміз.

Микро несиелік ұйымдар да – қаржы ұйымдары. Сол себепті, банк және банк жүргізу заңына өзгертулерлер енгізіп, осы ұйымдарды да, ломбардтардың да жауапкершілігін көтеру аса маңызды. Ең алдымен, табысы жоқ адамдарға микронесие беруді тоқтату. Табыссыз тұлғалар банктерге, микрокредит ұйымдарына емес, жергілікті билікке барып, жүгінуі керек, – дейді Сапарбай Досжанов.

Өйткені, микрокредиттік ұйымдар пайызы жоғары несиесімен бүгінде ұтылып отырған жоқ. Сарапшының айтуынша, микрокредиттік ұйымдар үшін, мысалы он несие берсе, оларға пайызы көп болғаннан кейін оның 7-8-і қайтса да жеткілікті көрінеді. Қайтпаған 2-3 несиені коллекторға арзанға сатып жібереді де, ұпайын түгендеп, мұртын балта шаппай отыра береді. Мәселен, 100 мың теңге несиесін коллекторлық ұйымға 80 мыңға сатады екен. Ұтылған ештеңесі жоқ. Сол себепті, экономист жаңа банк туралы заңнамада микрокредитке қатысты осындай өзгерістер орын алуы керек деп санайды.

Түйін

Банк жүйесі мамандарының сөзіне сүйенсек, қазіргі коммерциялық банктердің өз акциясы 10-15 пайыз көлемінде. Қалған 70-85 пайызы тұрғындардың депозитінен жасақталады. Бұлардағы несие беру мөлшерлемесінің жылдығы 20-25 пайыз шамасында. Ұлттық банк бекіткен базалық ставка – 14,25 пайыз. Бұдан төмендеу – инфляцияға тікелей байланысты. Яғни, инфляция төмендесе, базалық ставка да төмендейді. Әйтсе де, Еуроазиялық одақтағы елдер қатарында Ресей 19 пайызға көтерген. Ресей базалық пайызды көтергенде, Қазақстанға тыраштанып түсіру экономикаға соққы екенін айтады сарапшы.

...Не десек те, жаңа банк заңынан жұрт жанына жағар жылт еткен жаңалық күтері даусыз. Банктің жемі болудан құтқарар деген дәме де жоқ емес. Елге қалың есептен гөрі жалпақ тілдегі түсінікті қисап қажет, негізі.

Тең қоғам – тең мүмкіндік

(Соңы. Басы 1-бетте).

Инфографиканы жасаған **А.Ракымжан**

Орталық бір терезе қағидатымен жұмыс істейді, мүмкіндігі шектеулі жандардың мемлекеттік органдармен кездесуі осы арада және сол мезетте мүмкіндігі шектеулі жандардың өзекті мәселелерін шешуге көмектеседі. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесуден басқа, әлеуметтік бейімделу, заңгерлік және психологиялық көмек бар. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды рәсімдеуге, әлеуметтік қызметтер порталында жеке оңалтудың техникалық құралдарын таңдауға жәрдемдеседі.

Жалпы, мұнда азаматтар бір ғана емес, бірнеше мәселемен келеді екен. Әлеуметтік қызметкер Бауыржан Досжанның айтуынша, мүгедектігі бар адамның бір ғана мәселесі болуы мүмкін емес. Баспана, коммуналдық төлемдер, жеке оңалтудың техникалық құралдарымен қамтылу, психолог, заңгерге сұрақтары бірінен кейін бірі шығып жатады.

– Келген адамның мәселесін тыңдап, оны тиісті маманға жіберемін. Санаторлық-курортты ем алуға, жеңілдіктер тұралы, мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды, халыққа қызмет көрсету орталығынан алатын қызметтерді түсіндіріп, сол жерге дейін алып баратын кездер болады, – дейді Бауыржан Досжан.

– Орталық мамандары келген адамның мәселесін жазып алады, ол электронды түрде тіркеледі, – дейді Нияз Сүндеталиев. – Мәселені шешудің толық алгоритмін көрсетеміз, не істеуі керек екені айылады. Қандай да бір мәселе туындаса, заңгер мен әлеуметтік қызметкер көмектеседі. Біз – қоғам мен мемлекетті байланыстырушы ұйымбыз. Қарағандыда 25 мыңан астам мүгедек бар. Оның барлығы қамтылды деуге келмес. Әлі де үлкен жұмыс бар атқаратын.

Орталық жетекшісі алдағы уақытта қазір қолданыстағы әдістерді жетілдіріп, бүгін көрсетіп отырған көмек түрлерін тереңдете түсу жоспарын айтты.

– Біз барлық салаларды қамтыдық. Мұнда он адам жұмыс істейді. Шақырту болса, орталық мамандары үйге барып, кеңес береді. Келе алмаса, телефон арқылы немесе месенджерлерге жазып біздің қызметкерлерден керек кеңесін алады, – деді ол.

Заңгер қызметіне күнделікті жүгінетіндер көп.

– Мүгедектік тобын ауыстыру, тұрғын үй кезегіне тұру, мүлікті бөлу сынды мәселелерге қатысты құқықтық көмек сұрай келеді. Соңғы кеңесіміз несиелеуге қатысты, несиені жабу бойынша. Мүгедектігі бойынша берілетін жәрдемақыдан несие қарызы ұсталып келген. Заңнама бойынша мемлекеттік жәрдемақыдан өндіріп алуға болмайды. Біз келген адамның атынан прокуратураға шағым жазуға көмектестік. Жұмыс орнында жұмыс беруші ол адамның құқықтарын бұзса, мәселен, біздің орталыққа келіп, кеңес алуға мүмкіндігі бар. Себебі, олардың жұмыс ережесі жағдайына қарай бөлек болады, – дейді орталық заңгері Айнаш Иргибаева.

Сонымен қатар, психолог та сұранысқа ие. Мүгедектігі бар адамдардың көп жағдайда психологиялық кедергілері болатыны рас. Заңгерге келген адамның психологтың да көмегіне жүгінуге мүмкіндігі бар.

– Қоғамның қабылдамауы – бар дүние. Біз адамға психологиялық «қорған» жасауға көмектесеміз. Қоғамдық байланыстарды дұрыс қабылдай алуды үйрену керек. Кім не десе де, алған бетінен таймай, мақсатына қарай ілгерілей беру керектігін айтамыз. Проблеманы жылы жауып қоюға да болмайды, оған мән бермегенімізбен, ол өздігінен жоғалып кетпейді. Мүгедектігі бар адам проблеманы өзінің денсаулығы мен психикалық жағдайына зиян тигізбейтіндей реттей алуы керек. Мұны тренингтерде, қажет болса, жеке қабылдауларда айтамыз. Тренинг түрлі тақырыптарды қозғайды. Жұмыс берушімен кездесуде өзіңді ұстау, өз қорқыныштарыңды жеңе білу, ұжымда, қоғамда, отбасында өзіңді ұстау, сенімділікті арттыру және басқа да тақырыптарды талқылаймыз. Орталыққа күніне кемі он адам келеді. Нақты маған бір-екі адам, кейде одан көп болуы да мүмкін, – дейді психолог Камила Токжуманова.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың негізгі мәселесі – қоғамдық стигма екенін Нияз Сүндеталиев те айтып отыр. Ойламаған жерден денсаулығынан айырылып, бұған дейін күнделікті саналған іске шамасы келмей қалған адам оқшауланып қалады. Бұл – бір. Екіншіден. Қоғам мүгедектігі бар адамдарды қабылдауға дайын емес. Бұл, әсіресе, көзге көрініп тұрған мүгедектегі бар адамдарға қатысты.

– Қоғам ғана емес, инфрақұрылым да дайын емес. Мемлекеттік мекемелерде қолжетімділік мәселесі болмағанымен жеке бизнес бұл тұрғыда жабық. Дәріхана, дүкендер әлі күнге дейін қолжетімді емес. «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында жұмыс берушілерге түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Жобаның міндеті – жазалау емес, түсіндіру. Кедергісіз келешекті қалыптастыру қажеттілік екенін түсіндіреміз, осы бір мәселеге назар аударуын сұраймыз. Мүгедектіктен ешкім сақтандырылмаған, – дейді орталық жетекшісі.

«Кедергісіз келешек» жобасы амбассадоры қаладағы «Огонек» дүкенін мысалға алды. Өткен жылы дүкен басшылығымен болған кездесуден кейін күрделі жөндеу жасалған. Бір жылдан кейін қайта барған жоба қатысушылары жақсы өзгерістерге куә болады. Пандус та орнатылған, касса мен сөрелер арасы да қоларбамен жүруге ыңғайлы етіп жасалыпты.

– Өкінішке қарай, барлығы бұлай қабылдамайды. Біз жолдаған хаттың ешқандай заңдық күші жоқ. Жинақтаған мәліметтерді өкілетті орган – Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің облыстағы департаментіне жібереміз. Департамент мониторинг жүргізеді, қажет болса, айыппұл салуға құқы бар, – дейді ол.

Бұл ретте жоба аясында мүгедектігі бар адамдарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында жасалған жұмыстар шығынының бір бөлігін мемлекет субсидиялайтынын кәсіпкерлерге түсіндіріледі.

Облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі ретінде Нияз Аделұлы барлық деңгейдегі әкімдердің мүгедектігі бар адамдар бойынша кеңесшісінің болуы жайлы бастаманы көтергенін айта кеткен жөн болар. Бүгінде барлық қала, аудан әкімдері жанында мүгедектігі бар адамдардың мәселелері бойынша кеңесші бар.

– Аудан, қала әкімдігі деңгейінде шешілмеген мәселелер маған жолданады, – деп түсіндіреді ол. – Облыс деңгейінде шешілмесе, мәселе Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жағындағы үйлестіруге кеңесіне жолданады. Ол жерде мен Қарағанды облысы бойынша өкілмін. Бұл әдетте республикалық бюджет шеңберіндегі мәселелер, өзгерістерді қажет ететін нормативтік-құқықтық актілер, заңдар, министр бұйрықтарына қатысты жайттар. Сонымен қатар, облыстағы бірқатар басқармалармен бірлескен телеграм чаты жұмыс істеп тұр. Онда мүгедектігі бар кез келген адам өзінің мәселесі туралы жазуына болады. Мәселе қаралады деп мен уәде беремін.

Орталық 2022 жылдың соңында ашылды. Өткен жылы 1 798 адамға көмек көрсеткен. Ал, биылғы бірінші жартыжылдықта 3 263 адамды қабылдаған. Жыл соңына дейін орталық арқылы көмек алушылар қатары көбейетіні сөзсіз. «Ten Qogam» әлеуметтік бейімдеу орталығының оң ықпалы өз бағасын алған. Аймақ басшысының бастамасымен осындай орталық былтыр Балқашта, биыл Теміртау қаласында ашылды. Орталық мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекет пен қоғам арасындағы дәнекер қызметін әрі қарай да атқара бермек.

● СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Алаш жұрты асылын ардақтады

Биыл – Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы жалынды ақын, көрнекті қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Тұлғаны еске алу мақсатында Қарағандыдағы «AMANAT» партиясының ғимаратында «Қоғам және тұлға: Сәкен Сейфуллиннің қайраткерлік болмысы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Аталған шара Қарағанды қаласы әкімдігінің қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан ұйымдастырылған. Конференцияға қатысушылар қоғам қайраткерінің шығармашылығы туралы баяндап, сәкентану ғылымының қалыптасу тарихы туралы мағлұмат берді. Айта кетейік, ғылыми-тәжірибелік конференцияға арнайы шақыртылған қонақтардың материалдары топтастырылып, жинақ болып жарыққа шыққан. Сонымен қатар, жиын барысында қоғам қайраткері жайында түсірілген деректі фильмнен үзінді көрсетілді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған іс-шаралар апталық ретінде жоспарланыпты. Алғашқы күні арнайы шақырылған қонақтар, тіл жанашырлары Сәкен ескерткішінің алдына жиналып, гүл қою рәсімімен бастады. Бұл қатарда Астанадағы Назарбаев университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, белгілі алаштанушы-ғалым Айгүл Ісмақова да бар. Сонымен қатар, Сәкен мұражайының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсемет, сәкентанушы, Сәкен рөлін сомдаған әнші-актер, драматург Қанат Жүнісов те бар.

Гүл қою рәсімінен кейін жиналған жұрт «AMANAT» партиясы ғимаратында бас қосты. Аталған ғимараттың фойесінде тұлғаға арналған тақырыптық көрме ұйымдастырылған. Көрмені тамашалаған жұрт конференция залына өтті. Шара барысында Айгүл Серікқызы «Сәкен Сейфуллин: ғылыми, саяси һәм көркем дискурсы» тақырыбында сөз қозғады.

– Сәкен 1925-1932 жылдары Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретары Голощекинмен бірталай принципиалды мәселелермен келісе алмайды. Голощекиннің көшпелі ауылды колхоздастыру, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қателіктерін, кадрларды іріктеуде Лениндік принципті бұрмалағандығын Сәкен өз кезегінде ашық айтып, батыл сынап отырған. Ресми жиналыстарда Сәкен өзіне тән турашылдықпен Голощекин, Құрамысовтардың теріс, оғаш қылықтары мен қателіктерін өткір сынап жүрген. Сондықтан, Голощекин өзіне қолайсыз, беделін түсіретін, ешкімнің ырқына көнбейтін, алдына келіп жағынбайтын Сәкенді «жуасытып» алу үшін айрықша тапсырма беріп, мезгіл-мезгіл үлкен талқылаудан өткізіп отырған. Голощекиннің осындай тапсырмаларын Ғ.Тоғжанов, М.Қайыпназаров сынды тағы басқа да жандар орындауға тырысты. Турашыл, сыншыл Сәкен ондай талқылаудан жуасымай, қайта шиыршық атып, халықтың зор ықылас, құрметіне бөленіп шығатын. 1929 жылы партиялық тазалау қарсаңында алдын ала «Еңбекші қазақ» газеті бетінде Сәкенге ауыр айып тағылды, – деді ол.

Деректерге сүйенсек, Сәкен Сейфуллин 1922 жылы 12 қазанда КирЦИК-тің бірінші сессиясында бірауыздан Сәкен Сейфуллин Совнарком төрағасы болып тағайындалады. Осы билікте отырған тұсындағы атқарылған жұмыстар жайында Марат Әбсемет сөз қаузап, кеңінен айтып берді.

– Сәкен «совнарком» болған жылдары ел үшін ауыр күндер еді. Аштық, ақтар мен қызылдардың соғысы, билік ауысып халықтың әбден жаншылып, азып-тозған кезіне тап келді. Жаңа құрылған республика дамуының нақты жоспары да болмады. Сәкен және оның үкіметі замана ағысына қарсы жүзді. Мемлекет басқарудың басты бағдары ретінде алдымен қаржылық жүйені қолға алады. Салық және салық салу мәселесінде бірыңғай салық төлеу түріне өтіп, бұрындары халыққа қолайсыз болған салықтарды жояды. Қазыналық, банк және жинақтау ісінде өзгерістер енгізіп, қазіргі қолданылып келе жатқан тәжірибедегідей республикалық бюджет, жергілікті бюджет деп бөліп, оны реттеу жолдары шешіледі. Сәкен басшылық еткен екі жылда нағыз Қазақ мемлекетінің қазығын нықтап, Қазақияның ұлы көшін жолға салып бергендей, – деді Марат Оралбайұлы.

> ***Мемлекет басқарудың басты бағдары ретінде алдымен қаржылық жүйені қолға алады. Салық және салық салу мәселесінде бірыңғай салық төлеу түріне өтіп, бұрындары халыққа қолайсыз болған салықтарды жояды. Қазыналық, банк және жинақтау ісінде өзгерістер енгізіп, қазіргі қолданылып келе жатқан тәжірибедегідей республикалық бюджет, жергілікті бюджет деп бөліп, оны реттеу жолдары шешіледі. Сәкен басшылық еткен екі жылда нағыз Қазақ мемлекетінің қазығын нықтап, Қазақияның ұлы көшін жолға салып бергендей.***

Қанат Жүнісов өз сөзінде қоғам қайраткерінің рөліне тоқталып, деректі фильм түсіргенін баса айтты. Әрі сол фильмде тұлғаның рөлін өзі сомдап, әнін де өзі айтатын көрінеді. Аталған деректі фильм әлі жарық көрмеген. Дегенмен, Арқа жұртына деректі фильмнен үзінді көрсетіп, сүйінші сұрады. Сонымен қатар, «Сәкеннің Сталинге жазған хаты» тақырыбындағы баяндамасын қорғады.

– Тарих ғылымдарының кандидаты Жұмажан Сүлейменнің «Сәкеннің Сталинге хаты» атты мақаласы «Ақиқат» журналында (№ 10 Қазан. 2018 ж) үш айдан бері «салтанат» құрып тұр. Автор «Ерте ме, кеш пе, жарияланбай қалмайтын бұл хат – төл тарихымыздың бір қызық дерегі. Төменде алғаш рет баспа бетін көргелі отырған Сәкен Сейфуллиннің Сталинге жазған бізге белгілі жалғыз хаты» – деп бастайды. Неге алғаш рет? Бұл хат 2007 жылы «Алаш қозғалысы» деген кітапқа, одан кейін де бірекі жинаққа енген. Ғылыми ортада неше мәрте талданған. Сонда ғалымдар құрастырған кітапты, ғалым оқымаған ба? Алғашқыда осындай ойға келдім. Мақаланы «Ақиқат» журналының сайты деген сілтеме Facebook желісінен оқыған болатынмын. Авторын жыға танымадым. «Сәкеннің Сталинге жазған хатын» көшіріп алдым да, маған белгісіз авторды іздестіре бастадым. Ғаламтордағы нұсқада авторы Жұмажан Сүлеймен, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты деп жазылған, – деді Марат Құрмашұлы.

> ***Сәкеннің маңызды әрі үлкен бір жетістігі – қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруі. Қайраткер туған тілді кеңсе тіліне айналдыруға және мемлекеттік мекемелерге енгізу жолында күрескен. 1923 жылы 9 маусымда «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген мақаласын жариялады. Бұнымен тоқтамай, жалпы қазақ тілінің мүддесін қорғайтын 9 мақала жазып, өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетіне жариялап отырды. Сәкеннің ұлттық мүдде үшін күресуінің арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық атқару комитеті арнайы декрет қабылдап, еліміздің тарихында тұңғыш рет 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап кеңсе істері қазақ тілінде жүргізілетін болған.***

Ол баяндау хат пен тіркеу парақшасында күмәнді тұстардың барын алға тартты. Дерек те келтірді. Сәкеннің кейіннен табылған осы бір хаты жайлы болашақта талдап жазып, мұражайға тапсыратынын, әрі бұл жұмыс барысындағы қызметтік хат екендігін айтты. Ал, Сталинге хат жазған, қабылдауында болған басқа да қайраткерлердің болғаны, тіпті, бірге түскен суреттерінің де сақталғанын мәлімдеді.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары және ұлттық мүдде» жайында сөз етті.

– Сәкен өз заманының саясатына қызмет ете жүріп, қазақ халқының ұлттық мүддесін ешқашан сатқан жоқ әрі өз халқының азат болашағына сенді. Ол сонымен қатар жанында жүрген жақсы адамдарды қадірлей білген. Соның бірі Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын өткізуді қолдаған. Одан бөлек, Сәкеннің маңызды әрі үлкен бір жетістігі – қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруі. Қайраткер туған тілді кеңсе тіліне айналдыруға және мемлекеттік мекемелерге енгізу жолында күрескен. 1923 жылы 9 маусымда «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген мақаласын жариялады. Бұнымен тоқтамай, жалпы қазақ тілінің мүддесін қорғайтын 9 мақала жазып, өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетіне жариялап отырды. Сәкеннің ұлттық мүдде үшін күресуінің арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық атқару комитеті арнайы декрет қабылдап, еліміздің тарихында тұңғыш рет 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап кеңсе істері қазақ тілінде жүргізілетін болған, – деп атап өтті Нұрсахан Ахметовна.

P.S. *Қыркүйектің 17-сінде арнайы делегация Сәкеннің туған ауылы – Қарашілікке саяхаттады. 18 қыркүйекте Қарағанды қаласында Сәкен әнін орындаушылардың фестивалі өтті. Меймандар 19 қыркүйекте «ҚарЛаг» мұражайына барып, апта соңында іс-шараларды қорытындыламақ.*

Суреттер ұйымдастырушылардан

Білімнің алтын қайнары

«Кітап – маған тақтан да қымбат», – деген екен Шекспир. Кітаптың ақыл-ой қазынасы екенін хакім Абай да айтып кеткен.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім – кітапта,
Ерінбей оқып көруге».

Ұлылар осылай дейді. Қазіргі кітап оқу мен кітапхана жағдайы қалай екен?! Бұл XXI ғасырда ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Бүгінгі ұрпақ кітап оқымайды, бәрі интернет, ұялы телефон әлеміне кіріп шырмалып, қалды деген рухани дағдарыс зиялы қауым, ағартушы-ғалымдарымызға алаңдаушылық туғызуда.



Шын мәнінде солай ма?! Бұл жағдайдың қалай алдын алуға болады? Қазіргі кітапхананың ахуалы қандай кейіпте деген сұрақ төңірегінде облыстық Н.Гоголь атындағы кітапхананың байырғы қызметкері Сандуғаш Телпекбаеваны әңгімеге тартқанбыз:

– «Қазір кітап оқылмайды» деп даурығудың реті жоқ. Ондай байбалам салушылардың өздері – кітап оқымайтындар. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана – еліміздің мәдениеті мен білімінің алтын қоры. Бүгінде 90 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған бұл кітапхана, талай ұрпақтың рухани дамуына зор үлес қосып, облыстың мәдениет орталығы ретінде өзін танытты. Қазір кітапхананың тұрақты оқырмандары қалыптасқан. Жексенбі күні де тұрақты жұмыс істейтін кітапхана қызметкерлері ғана шығар. Оқырмандар үшін барлық жағдай жасалған. Еліміздегі сандық форматқа көшу саясатын ең бірінші қолға алып, жүзеге асырған осы кітапхана ұжымы. Заманауи технологияның озық үлгілерін дер уақытында қолданысқа енгізу – басты міндетіміз. Қазір кітапхана қорында 500 мыңға жуық кітап бар. Оқырмандардың жас мөлшері де әр түрлі. Мектеп оқушылары мен студенттерден бастап, орта жастағы адамдар, зейнеткерлер осы кітапханамен тығыз байланыста. Кітап оқылады. Әрине, интернет пен түрлі ақпарат құралдары кітаптың оқылуын азайтты. Кешегі Кеңес заманымен қазіргі жағдайды салыстыруға болмас. Бірақ, кітап оқитын оқырман мүлдем жоқ деуге болмайды. Кітап оқу, іздену – әр адамның жеке ынтасы. Күніне 30-40 адамның тұрақты келіп тапсырыс беруі – жаман көрсеткіш емес. Оның үстіне, қазір кітапхана көп, олардың бөлімшелері де жұмыс істеп тұр. Әр жоғары оқу орнында өзінің кітапханасы бар, – дейді Сандуғаш ханым.

1934 жылы негізі қаланған кітапхана сол уақыттан бері өңірдің мәдени және ағартушылық өмірінің айнасы болып келеді. Н.Гоголь атындағы кітапхана тек кітап қорының молдығымен емес, рухани-мәдени кешен ретінде де маңызды рөл атқарды. Кітапхана жергілікті халықтың ғана емес, республикалық деңгейде де үлкен маңызға ие.

Бүгінде Н.Гоголь кітапханасы кітап қорымен шектелмей, жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып, электрондық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Кітапхана қоры сандық форматқа көшіріліп, оқырмандарға онлайн түрде қызмет көрсету мүмкіндігі кеңейтілді. Сонымен қатар, кітапханада түрлі мәдени шаралар, көрмелер, оқырмандар клубтары мен әдеби кештер өткізіледі. Бұл – кітап оқу орны ғана емес, мәдениет пен шығармашылықтың тоғысқан алаңы.

Кітапхананың 90 жылдық мерейтойы – өткенді еске алу ғана емес, болашаққа көз жүгірту, жаңашылдыққа ұмтылу. Н.Гоголь кітапханасы 90 жылда мәдениетіміз бен тарихымызды сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеру жолында зор еңбек сіңірді. Бұл мерейтой – облысымыздың рухани мұрасын сақтау мен оны келешек ұрпаққа жеткізу жолындағы маңызды кезең.

Облыстық Н.Гоголь кітапханасы өзінің 90 жылдық тарихында мәдениет пен білімнің маңызды орталығы бола білді. Көпжылдық тәжірибесі мен заманауи әдістерді біріктіруі кітапхананы аймақтық ғана емес, республикалық деңгейдегі маңызды мәдени мекемелердің біріне айналдырып отыр. Кітапхана – білімнің алтын қайнары. Бұл мерейтой кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар үшін рухани серпіліс пен болашаққа деген сенімнің символы болары сөзсіз.

Қойлыбай АСАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ТАҒЗЫМ

Әулеттің бәйтерегі, елдің қамқоршысы

Әр жердің өз төбесі, әр елдің өз ағасы, әр үйдің өз төрі бар. Әрбір әулеттің қиналғанда сүйенетін, таяныш болатын тау сияқты тұлғасы, көл сияқты терең, дала сияқты дархан арқа тірегі болады. Ондай адамды «Сол әулеттің бәйтерегі» деп атайды. Ол бәйтеректің саясы тек өзінің отбасына ғана емес, ағайын-туғанына, көршісіне, ауылдасына, жора-жолдастарына да ортақ. Өйткені, ондай адамдар кісілік пен кішілікті, парасат пен шапағатты басқаларға үлгі етеді. Сондай абзал азаматтардың бірі – Шет ауылының тумасы Совет Қабылдаұлы ағамыз еді. Бойындағы қажыр-қайратын, білімі мен білігін шаруашылықтардың дамуына, гүлденуіне жұмсады.

Совет ағамыздың жүріп өткен жолына үңілетін болсақ, Қарқаралы қаласының №1 қазақ орта мектебін 1966 жылы тәмамдап, 1972 жылы Қарағанды политехникалық институтын ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын Қарқаралы автокөлік мекемесінде техникалық қызмет көрсету инженері болып бастаған. Кейін осы мекеменің директоры болып, 10 жыл табысты еңбек етті. Ол кезде Қарқаралы автокөлік мекемесі (Автобазасы) аудандағы ең ірі мекемелердің бірі болып саналатын. Аталған мекемедегі техника аудандағы жүк тасымалымен тікелей айналысатын. Егін орып, мекемелердегі көліктер жол жөндеуге қажетті материалдарды және тағы басқа жүктерді дер кезінде тасымалдап, алдыңғы қатардан көрініп жүретін.

Сәкең мекеменің әлеуметтік саласын да назардан тыс қалдырған емес. Автокөлік жүргізушілеріне арнап, тұрғын үй салуды қолға алып, жұмыскерлерін қажетті жағдаймен қамтамасыз етті. Сол кезде тұтас бір көшедегі үйлер «Автобаза үйлері» деп аталатын.

Одан бөлек, жүргізушілер арасынан бірнеше бригадалар құрап, сол кезеңдегі үрдіс бойынша социалистік ұжымдар ұйымдастырып, жұмыстың көрігін қыздыра түскен. Майдан Сыздықов, Байса Қожасов, Орынбай Агиманов, Шәкен Усабаев сынды азаматтардың бригадалары алдыңғы қатардан көрініп, аудандық партия комитеті бюросының мақұлдауымен жергілікті газет беттеріне жарияланып отырды.

Кеңестік дәуірде еңбек азаматтардың еңбегін Үкіметтің наградаларымен марапаттап отыратын. Жоғарыдағы аттары аталған азаматтарды «Ленин» орденімен, көпшілікті «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерімен және басқа да медальдармен марапаттады.

Осы кездегі естеліктерді атап айтпасқа болмайды. Совет аға мекемеге берілген орден, медальдарды ешқашан өзіне қарай бұрған емес. Марапатқа ие болмаса да, ұрпақтары, «Жан әке!» деп еміренеді, әріптестері, еңбек азаматтары «Ақиық азаматымыз!» деп қадірлейді. Қатарластарға қалқа, ағайынға арқа, туыстар мен дос-жаранға адал тірек бола білді.

Тағы бір айта кетерлігі, Совет араласатын азаматтарын лауазымына қарап таңдамайтын. Хатшымен де, еңбек азаматтарымен де бір деңгейде сөйлесе білген қырағы азамат.

Сәкеннің үйі автобазаға жақын болғандықтан, мекемедегі жүргізуші достары Сәкеңмен бірге келіп, ауқаттанып жүретініне куәміз.

Озық ойлы, жұмысты жедел ұйымдастыратын, басшылардың, ауданының партия комитетінің ылғи назарында болатын. Басшы болған Совет ағамызды 1987 жылы Қарқаралы ауданының атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына жоғарылатты.

Ал, 1991 жылы әкімшілік жүйе құрылған кезеңде аудан әкімінің өзгертілетін сала бойынша орынбасары болып тағайындалды. Ауданның жол, құрылыс, электр жүйесі, жылу сумен қамтамасыз ету мәселелеріне жетекшілік етті. Күрделі қиын мәселелерді шешуде, облыстық басшылардың алдына дер кезінде мәселе қойып, оң шешімдердің шығуына ықпал ете білді.

1995-2010 жылдары «Қарағанды-Энерго» бірлестігінің Қарқаралы аудандық жоғарғы кернеулі электр жүйелері мекемесінің басшысы болып қызмет етіп, осы мекемеден зейнеткерлікке шықты.

Қай салада еңбек етсе де, Совет аудан экономикасының жаңаша дамуына, әлеуметтік мәселелердегі оңтайлы шешілуіне бір кісідей еңбек сіңіргенін ешкім жоққа шығара алмайды. Совет басшылық қызметтерде жүргенде де, өзінің кісілік келбетіне қылау түсірмеген үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болған арда азамат. Жұмыс бабында талап қоюды дөрекілікпен ауыстырмаған білікті басшы бола білді.

Отбасының тірегі – отағасы, ал, ошағының жылуы – отанасы екені белгілі. Ұлдарының ардақты анасы, немерелерінің қамқор әжесі, аяулы жан Өркен жеңгемізбен Совет ағамыз 50 жылдан артық қол ұстасып, ғұмыр кешіп, үлгілі азаматтарды дүниеге әкеліп, армандаған мамандығының маманы болуына ықпал етті. Әрқайсысы жеке отау құрып, немерелерін сүйіп, бақытқа бөленді. Өркен жеңгеміз ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметті абыроймен атқарған аяулы жан.

Атап айтсақ, үлкен ұлы Қуан – дәрігер. Қарағанды облысы бойынша қолы шипалы уролог. Жақсылық пен Жандос – жоғары білімді инженер-құрылысшы. Астанамыздың өркендеп, гүлденуіне үлес қосып жүрген өз ісінің мамандары.

Инабатты келіндерінің орындары бір бөлек...

Өз басым Совет ағаммен сол мектепте оқып жүрген кезден таныспын. Совет кіші жүздің баласы болғандықтан, ылғи «Совет әке» деп жүрдім. Ол кісі мені «Әкемай-ка» деп еркелей атайтын. Студенттік кезде де хабарласып тұрдық. Қызметте болған кезде де қоян-қолтық араласып, шаруашылықтың мәселелерін ақылдасып жүретінбіз. Кісілігі, парасаттылығы, адамгершілігі кімге болса да үлгі болатын Совет ағам бүгін ортамызда жоқ. Өкінішті?!

Аллаға шүкіршілік ететін жайт Советтің соңында жары – Өркен, өмірінің жалғасы – балалары мен немерелері бар. Алла осыларға ұзақ ғұмыр беріп, Советтің көрмеген қызықтарын осылар көрсін!

Тілек СӘДУАҚАСОВ,
Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері,
Қарқаралы ауданының
Құрметті азаматы

● БӘРЕКЕЛДІ!

Ағаштан түйін түйген

Шахтинск суретшілері Ерсін Темірғалиев пен Жәнібек Жұмабеков «Алтай Притяжение» халықаралық ағаш мүсін фестивалінде арнайы номинацияға ие болды.

Шығармашылық фестиваль 10 күнге жалғасты. Оған Қазақстан, Қытай, Иран, Беларусь және Ресейдің 18 өңірінен келген шеберлер қатысты. Жеке және командалық номинациялар бойынша қатысушылар ағаштан түрлі мүсіндер жасады. А.Исмаилов атындағы Шахтинск балалар көркем-сурет мектебінің оқытушылары Ерсін Темірғалиев пен Жәнібек Жұмабеков ағаштан екі қазақ батырының мүсінін жасап, туындыға «Чемпиондар» деген атау берді.

– Фестиваль туралы естіп, туындыларымыздың эскиз нұсқасын жібердік. Ол мақұлданып, осыдан кейін ресми шақыру алдық. Командамызды «Сарыарқа-Қаракесек» деп атадық. Біз үшін шығармашылыққа арналған арнайы алаң, сондай-ақ, экскурсиялар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды, – деді Ерсін Темірғалиев.

«Чемпиондар» мүсінін жасауға бір аптаға жуық уақыт кеткен. Мүсіндерде «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы мен Алтай өлкесінің батыры бейнеленген. Бірінің иығында жеңіс белдеуі болса, екіншісінде қасқырдың терісі көрініс тапқан. Олардың алдында тұғыр мен Алтай өлкесінің картасы тұр. Мүсіндердің биіктігі 3 метрден асады.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті

● МЕРЕЙ

Дауысымен емдеген адам жанын

Елге өнерімен сыйлы әрі жүріс-тұрысымен үлгі қайсар қыздар болады. Мұндай ауыр жүкті арқалап жүру оңай емес. Десе де, олар өнерін шыңдауға және жардың бабын табуға һәм бала-шағаның тәрбиесімен айналысуға уақыт таба алады. Ал, қоғамдық жұмыстарға да өте белсенді қатысады десем, таң қалуыңыз мүмкін. Сан салалы салмақты жүкті көтерумен қатар, ел-жұртына емірене адал қызмет етіп жүрген қазақтың ер мінезді қыздарының бірі һәм бірегейі – Меруеш Башайқызы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осылай шауып жүріп, елу дейтін белеске де келіп қалыппыз. Ештеңе етпес, бастысы еліммен біргемін. Өнерім халқыммен табыстырды. Екеуіне мәңгі адалмын, – дейді кейіпкеріміздің өзі.

Меруеш ханым әу бастан өз өмірін ел тағдырына арнаған. Бітті. Сол сара жолда ар дейтін сауытын киіп алып, жүрегінде өнері мен отбасын қатар тербеп, өмір дейтін дауылды жолда қыранша қияға өрлеп барады.

Меруеш Башайқызы – 1974 жылдың 12 желтоқсанында Моңғолияның Баян-Өлке аймағында туған. 2014-2017 жылдары ҚарТУ экономика-менеджмент факультетін «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша оқып бітірді. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде заң факультетін құқықтану мамандығы бойынша аяқтады.

– Ата-анам қарапайым еңбек адамдары. Анам – Тоқтаған, әкемнің азан шақырып қойған аты – Орынбасар. Бірақ, оны ел-жұрт Башай деп атап кеткен. Екеуі де өнерге жақын еді. Анам – белгілі айтыс ақыны. Суырып-салып айтысатын, ойы ұшқыр, сөзге шешен болды. Теңеулері ұтымды, ұйқасы шымыр, айтысқанын жеңетін. Ал, әкем күйші еді. Үнемі шертпе күйлерді мақамына келтіріп шертетін. Әсіресе, Тәттімбеттің «Сарыжайлауын» ұнататын.

Менің әншілікке келуіме себепкер ата-анам. Анам ұзақ жыл тігін шебері болып жұмыс істеген. 12 бала тәрбиелеген алтын құрсақты ана. Айтыс ақыны бола тұра, өмірін өнерге арнай алмаған. Оған әкем де өзін кінәлі сезінетін-ді. Сондықтан, олар менің оқығанымды қалады. Бар жағдайымды жасады. Ол кезде бала қырқынан шыға сала жұмысқа шақырады екен. Қазіргідей 3 жасқа дейін демалыста отырмайды. Туыстарымның бәрі ән айтады. Домбыра, гитара тартуды Бақытжан деген ағамнан үйрендім. Моңғолияда қазақтың дәстүрлі өнерін үйрететін өнер ошақтары жоқ. Халық әндерін ел аузынан сіңірдік.

Өз басым бала кезден дәрігер болуды армандаған едім. Өйткені, анам көп ауыратын. 12 құрсақ көтеру оңай ма? Еңбек әбден қажытқан. Бірақ, ата-анам дауысымның бар екенін байқап, оны шыңдауға мүмкіндік жасады. Сабақты да жақсы оқыдым. Мектепті үздік бітірдім. Мұғалімдер даярлайтын техникумды да үздік аяқтадым. Еңбек жолым ауылда мұғалімдіктен басталды. Бұғылы мектебінде бес жыл сабақ бердім. Кейін Моңғолия мемлекеттік Мәдениет-өнер университетінің театр факультетіне оқуға түсіп, 2001-2005 жылдар аралығында білім алдым. Бұл маған өнерімді шыңдап, өзімді жетілдіруге зор мүмкіндік еді. Кейін Баян-Өлке қазақ музыкалық драма театрында бас режиссер және әнші қызметін атқардым.

Моңғолия мемлекеттік университетіне түсу өте қиын, талап күшті. Өйткені, білім беру деңгейі өте жоғары. Кім көрінген ақылы бөлімге оқуға түсе алмайды. Жоғары оқу орнына түскенде үш балалы ана едім. Үшеуінің арасы бір-екі жас. Анам маған «Сен оқуың керек!» деп балаларды алып қалды. Баян-Өлке мен Ұлан-Батырдың арасы екі мың шақырым. Моңғолияның театр және кино саласының жұлдыздары емтихан алып, 200-дей талапкерден 26 үміткерді іріктеп алды. Оқуды алты-ақ бала аяқтап, «Театрдың қоюшы режиссері» мамандығын алып шықтық, – деп еске алады Меруеш ханым.

Меруеш Башайқызы – өнердің төресі саналатын классикалық музыка саласында тер төгіп жүрген белгілі дирижер Ерлан Бақтыгерейдің жары. Ерлан Бақтыгерей – «Тәттімбет» атындағы халық аспаптар оркестрінің бас дирижері. Осындай арқалы да талантты жанның бабын таба жүріп, елді өнерімен тамсандыру үшін үлкен жүрек керек екені шын ғой.

Ал, Меруеш ханымның ән айтқанын көрсеңіз, «Алла Тағала бір басына сан қырлы талантты үйіп-төгіп бере салған екен» деп таң қалуыңыз ақиқат. Себебі ол сахнаға шыққанда ән айтып қана қоймайды. Жұртты шешен тілімен үйіре отырып, актерлік шеберлігімен тәнті ете барып, әуелете жөнеледі. Бұл да оның бірнеше өнерді меңгергенінің, жалпы әуелден өнер адамы болып туғанына дәлел.

Кейбір әншілер бір бағытта ғана ән шырқаса, Меруеш ханымға оң-солы бірдей. Табиғатынан қарға тамырлы қазақтың дәстүрлі әні мен халық әуендеріне бейім болса да, эстрада жанрында да кез келген әнді құлпыртуға қаукарлы талант иесі.

Бұл сөзімізді Қазақстанның ғана емес, Моңғолияның да талғампаз тыңдармандары растай алады. Себебі Меруеш Башайқызында екі елдің де «Мәдениет қайраткері» деген атағы бар. Бұл – нағыз еңбекпен келген атақ және өзі іздеп келген мәртебе.

Суретте М.Башай жолдасы Е.Бақтыгереймен

Меруеш Башайқызы – қазақтың ән өнерінде өзіндік орны қалыптасқан талантты әнші. Ешкімге ұқсамайтын дауысы бар. Таңғы шықтай, мөп-мөлдір. Халық әндерін нақышына келтіре орындайды. Қайраткерлігі бір төбе. Оркестрдің сүйемелдеуімен берген концерттеріне куәмін. Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрімен бірге Моңғолия, Түркия сынды бірқатар елдерге барып өнер көрсетті.

Репертуарында 500-ден артық ән бар десем, таң қаласыз. Екі шумақ әннің басын айтып, соңын ұмытып қалатын ақпарат дәуірінде осындай үлкен репертуарға ие болу ерлікке тең. Оның үстіне сол әндердің тең жартысынан көбі халық әндері болса ше? Жауапкершілік екі есе арта түседі.

Атап айтсақ, «Ел көшкенде», «Майда қоңыр», «Қайран заман», «Дей салдым-ай», «Илигай» сынды халық әндерімен қоса, Біржанның әні «Көкекті» әуелетуі ешкімге ұқсамайды. Ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлының өлеңіне жазылған «Қарағанды вальсі» туындысы да елдің жүрегінен орын алған.

Моңғолия және Қазақстан Республикасында өткен көптеген халықаралық және республикалық әншілер байқауларының лауреаты.

Көптеген мерекелік медальмен және басқа медальдармен марапатталған.

Ол Жапония, Корея, Ресей, Қытай, Түркия, Германия, Франция, Ресей, Моңғолия сынды көптеген елдермен қатар, еліміздің барлық облысында өнерін паш етіп, елдің ыстық ықыласына бөленді. Алты баланы тәрбиелеп отырған «Күміс алқа иегері».

Меруеш ханымның атқарған жұмыстары мен жеткен жетістігінің бәрін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес...

2008 жылдан қазірге дейін Қарағанды облыстық Қ.Байжанов атындағы Концерттік бірлестіктің әншісі болып тер төгіп жүр.

– Меруеш Башайқызы – қазақтың ән өнерінде өзіндік орны қалыптасқан талантты әнші. Ешкімге ұқсамайтын дауысы бар. Таңғы шықтай, мөп-мөлдір. Халық әндерін нақышына келтіре орындайды. Қайраткерлігі бір төбе. Оркестрдің сүйемелдеуімен берген концерттеріне куәмін. Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрімен бірге Моңғолия, Түркия сынды бірқатар елдерге барып өнер көрсетті. Елімізде ғана емес, шет елдердің музыка мамандары Меруештің өнеріне жоғары баға берген. Әлемдік классиканы да шебер орындайды, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болатхан Тәшімов.

Меруеш Башайқызының қоғамда түрлі бастаманы үйіріп әкетіп жүргенін білеміз. Солардың ішінде ерекше бір миссияны сүйсіне орындайды. Ол қандастар мәселесі. Осыдан 33 жыл бұрын 17 жасында таңғы шықтай мөлдір өнерімен алдыңғы буын ағалардың көзіне түсіп, көңіл түпкірінен орын алды. Осылайша, арнайы шақыртумен 2008 жылы атамекеніне оралды. Жәй оралған жоқ, атамекенін аңсаған қаракөз қандастарымызды бастап келді. Және әлі күнге сол азаматтық биіктен төменге қарай құлдыраған жоқ. Өйткені, елдің, жердің тағдыры оны жастайынан елтіп әкеткен. Ата-анасы осылай тәрбиелеген. Сол бекем де, берік тәрбие мен қамқорлық Меруеш Башайқызының жүрегіне Отанға деген махаббаты ұялатты. Мәңгілікке.

Меруеш Башайқызының арқасында қаншама қандасымыз елге оралды десеңізші. Олар бүгінде алаңсыз өсіп-өніп жатыр. Солардың ақ тілеуі мен ризашылығы, батасы оны тілдінің тілінен, көздінің көзінен сақтап келеді десек, қателеспейміз.

2017 жылдан бастап, Дүние жүзі Қазақтарының Қауымдастығы Республикалық қоғамдық бірлестіктің Қарағанды облысы бойынша филиал басшысы болып әлемнің түпкір-түпкірінен келген қандастарға көмегін көрсетіп келеді. 2019 жылдан қазірге дейін ҚР Сыртқы істер министрлігі қарамағындағы «Отандастар қоры» КеАҚ ақпараттық және құқықтық көмек көрсеткен кеңесші және бас сарапшысы.

Елімізге оралған, құжатын алып үлгермеген, азаматтығы жоқ, құжатын жоғалтып алған алты мыңға жуық құжатсыз қандастарымызды құзырлы мекемелермен, шет ел консульдықтарымен бірлесе жұмыс атқарудың нәтижесінде құжаттандыруға, Қазақстанның толыққанды азаматы болуға құқықтық көмек, қолдау көрсетті.

2012 жылдан AMANAT партиясының мүшесі. Әлеуметтік-мәдени даму және әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі, облыстық мәслихаттың депутаты.

Меруеш Башайқызының құрдастарына қарасаңыз әсте осал болуға хақы жоқ екенін ұғасыз. Олардың атақ-дәрежесін айтпай-ақ, Ерсін Мұсабек, Жансая Жарылғап, Руслан Нұрбай деп бірнешеуінің есімін атасақ та жеткілікті.

Сөз басында кейіпкеріміз дәрігер болуды армандағанын айтты. Анасын емдегісі келген. Бірақ, қазір байқасақ, сол арманына жеткен сияқты. Өйткені, ешкімге ұқсамайтын қоңыр дауысының сиқырымен емге мұқтаж жандардың жанын емдеп жүр...

• МАРАФОН

Жаяу жарыстың жүйріктері анықталды

Мыс шаһарында күз айының басты спорттық шарасы – жүгіруден жаппай жарыс өтті. Бұл жарыс дәстүрлі додаға айналған. Марафонның басты демеушісі – «Kazakhmys Smelting» ЖШС. Биылғы марафонында 500-ге жуық желаяқ бақ сынады. Балқаш – көлімен, өндірісімен ғана емес, спортшыларымен де әлемге мәлім тарихи қала. Даңқты спортшы, бокстан Атланта Олимпиадасының чемпионы, Вэл Баркер кубогінің иегері Василий Жировтың туған өлкесі. Бұл жарысқа даңқты боксшының өзі қатысып, марафоншылармен қоса жүгірді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүбірлі дода «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Жәнібек Байғабеловтің сөзімен басталды.

– Осыдан бір апта бұрын дәл осындай марафонды Жезқазғанда өткіздік. Оған 350-ге жуық адам қатысты. Балқашта жыл сайын қатысушылар саны артып келеді. Келесі жылы бұл санды екі есеге арттыруды мақсат етеміз, – деді Жәнібек Байғабелов. Сонымен қатар, Cuprum Run жарысының басты қонағы Олимпиада чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері және Балқаш қаласының Құрметті азаматы Василий Жиров та марафоншыларға сәттілік тіледі.

– Менің ойымша, бұл шара бірлікке ықпал етеді. Қайырымдылық шарасы мұқтаж жандарға көмектеседі және бұл қажет. Ең бастысы – халықтың бірлігі, – деді ол.

Айта кету керек, Балқашта екінші рет өткізіліп отырған жарысқа қатысу үшін 1000 теңге төлеу керек болған. Әрбір қатысушыға арнайы футболка мен рюкзактар, сонымен қатар, ауыз су берілді. «Kazakhmys Smelting» компаниясының спорт жаттықтырушысы Евгений Боровицкий қатысушыларға дене шынықтыру жаттығуларын жүргізіп, бір ширатып алды. Жарысқа қатысушылар алдын ала жаттықтырушыға дайындыққа жазылып, қажетті нұсқаулықтарды алған. Ал, жиналған қаражаттың барлығы қайырымдылыққа жұмсалады.

Жарыс барысында 1, 5 және 10 шақырымдық қашықтықты спортшылар уақытынан бұрын бағындырды. Cuprum Run жаппай жүгіру марафонының қорытындысы бойынша абсолютті қашықтықта жүгірген 50 жастан асқан қатысушылар арасында III орынға Дмитрий Ким ие болды. Нұрлан Мұқаш II орынды, Аманқайыр Наурызбаев I орынды жеңіп алды. Ал, 18-39 жас аралығындағы әйелдер арасында 10 шақырымдық жарыста III орынды Татьяна Байкина иеленді. II орынға Ирина Боевой, ал, I орынға Гүлім Совет ие болды. Жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларға ақшалай жүлделер мен сыйлықтар табысталды.

Сурет **автордан**

Еске алу

Қарқаралы қаласының азаматы, Астана қаласының тұрғыны болған Совет ҚАБЫЛДАҰЛЫН еске алу

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған ардақты азамат, кісілік келбеті мен адамгершілігі жоғары қимас досымыз Совет Қабылдаұлының ортамыздан кеткеніне 40 күн болды. Сағына еске аламыз. Ол ата-анадан ерте айырылса да, бір әулеттен жалғыз еді. Күлештай қажырлы апайының арқасында қатарынан қалмай оқып, білім алып, айтулы азамат болды. Әрине қиындық, тауқымет дегендер де аз болмағаны белгілі. Жасынан зерек, алғыр, оқу-білімге құштар, алдына мақсат қоя білетін табанды болды. Орта мектепті бітірген соң, Қарағанды политехникалық институтына түсіп, инженер-механик мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Қарқаралы аудандық автобазасында қатардағы инженерден бастап, сол мекеменің директорлығына дейін көтеріледі.

Жас маман барлық күш-жігерін автобазаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға арнап, уақытпен санаспай еңбек етті. Соның нәтижесінде Қарқаралы автобазасы облыс, республикаға ғана емес, Одаққа әйгілі болды. Бүкіл Одақтық социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде Москваның «Лихачев» заводынан арнайы автомобиль жіберілді. Озат жүргізушілер Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталғанына жұрт куә. 1987 жылы жаңашыл іс тетігін таба білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Совет Қабылдаұлы Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары лауазымына жоғарылатылды. Бұл салада да Сәкең білімі мен тәжірибесін сарқа жұмсап, қажырлы еңбек етті. Ол энциклопедиялық білімі бар жан-жақты азамат еді. Қандай тақырыпта сөйлесеңіз де қамшы салдырмайтын. Көп оқитын, сонымен бірге өнерге деген құштарлығы қандай еді?!

Зейнетке шыққан соң, ардагерлердің «Қайран жастық», «Көзкөргендер» ансамбліне қатысып, түрлі образдар жасады. «Ақбақай» оның визиткасы еді.

Қайран, сол Сәке-Совет орның ойсырап қалды. Сенің сабыр мен парасатқа толы байсалды мінезің, маңғаз келбетің, ақылмен ойланып сөйлейтінің, ұстамдылығың – біздің жүрегімізде қалды. «Бурылтайын» сызылтып, «Толағайын» тамылжытып, «Ақбақаймен» келіп қалатындай елеңдейміз. Біз сені ұмытпаймыз. Ал сенің артыңнан үш ұлыңнан өрбіген жапырақтарың желкілдеп өсіп келе жатқан немере-шөберелерің қалды. Сол көңілге медет. Алла соларға ұзақ ғұмыр берсін. Күлекеңе, адал жарың Оркенге сабыр берсін. Рухың шат, иманың жолдас болсын.

Еске алушы достар: **Ғазиз-Қарлығаш, Дүйсен-Бақыт, Ақылсерік-Гүлбаршын, Тілектес-Балқаба, Тілек-Роза, Құралай, Қарлығаш, Ира, Рахима-Бақыт, Айту, Бақыт, Мәрзия, Раушан, Шәкәрім-Науша.**

№ 312

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 18.10.2024 жыл.

Конкурсты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үй, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Пригородная көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық жедел медициналық көмек станциясы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 56-38-87. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

– соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

– заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

– бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

– байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 19.09.2024 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 18.10.2024 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КГП «Областная станция скорой медицинской помощи» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганды, улица Пригородная, дом 1, контактный телефон 8(7212) 56-38-87. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;

– членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

– имеющее непогашенную или неснятую судимость;

– являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

– ранее совершившее коррупционное правонарушение;

– находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на государственном и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 19.09.2024 года.

№231

Халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын беру конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау басталады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің мәртебесі мен маңыздылығын арттыру үшін конкурс жыл сайын өткізіледі.

Қатысуға өз қызметін Қарағанды облысының аумағында жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары көрсетілген критерийлер ескеріле отырып беріледі:

1) Халықты әлеуметтік қорғау саласын дамытуға елеулі жеке үлес;

2) Кәсіби шеберлікті ұдайы жетілдіру;

3) Қызметте инновациялық нысандар мен әдістерді пайдалану;

4) Бейіндік білімнің болуы;

5) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:

1. «Үздік әлеуметтік қызметкер»;

2. «Әлеуметтік қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым»;

3. «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының үздік қызметкері»;

4. «Еңбек мобильділігі орталығының және оның филиалдарының үздік қызметкері»;

5. «Рухы биік тұлға» (мүгедектігі бар адамдар);

6. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері»;

7. «Белсенді өмірді насихаттау үшін»;

8. «Әлеуметтік жұмыс бойынша үздік маман»;

9. «Жомарт жүрек» (бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, мүгедектігі бар балалармен жұмыс істейтін ұйым / тұлға);

10. «Мамандыққа адалдығы үшін» (халықты әлеуметтік қорғаудың еңбек ардагерлері).

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, әлеуметтік саланың облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдары, жеке тұлғалар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар жүргізеді.

Бір үміткерді екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыну мүмкін емес. Лауреат сыйлығын сол номинация бойынша алғаннан кейін бес жыл ішінде оны алуға қайта ұсынуға да жол берілмейді.

Сыйлықтар конкурстық негізде беріледі. Лауреаттарды іріктеуді арнайы комиссия жүргізеді. Сыйлыққа ұсынылған кандидатуралар екі кезеңде қаралады. Біріншісінде – комиссия сыйлықақы алу конкурсына қатысу үшін кандидатураларды іріктейді, екіншісінде – сыйлықақы беру туралы шешім қабылдайды.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болған адамдарға «Қарағанды облысы әкімінің сыйлығының лауреаты» құрмет дипломы, статуэтка және материалдық сыйақы беріледі.

Сыйлықты алуға өтініш берушіге: файл-папкада қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсынымы, аса маңызды жұмыстарды көрсететін мінездеме, марапаттау дипломдары, сертификаттары мен куәліктерінің көшірмесі, сюжеттік фотосуреттер, көлемі 3х4 фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, банктен 20 таңбалы шоттың болуы туралы анықтама, қатысуға өтінім беру қажет.

Өтініш беру үшін ізденуші Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қарағанды қ., Ержанов к-сі, 47/3 үй, каб. 405, тел. анықтамалар үшін 8 (7212) 43-16-79.

Конкурсқа материалдар электрондық пошта арқылы қабылданбайды. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні: 2024 жылғы 8 қазан сағат 18.00-ге дейін.

д

БС 19 | Күн

20°

1%

Ш23 км/сағ

Жартылай бұлтты. Жоғарғы температура 20ЦЕЛЬСИЙ. Жел жылдамдығы Ш 15 және 30 км/сағ дейін.

Электрондық пошта: ortalyk.kaz @mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

● ФЕСТИВАЛЬ

Аты аңызға айналған өнер ұжымы

Ақтоғайлық «Тоқырауын толқындары» 13-15 қыркүйекте Түркия елінің Анталия қаласында өткен Йөрүк-Түркімен фестивалінде өнер көрсетіп қайтты. Бұл – жарты ғасырлық тарихы бар халықаралық, фольклорлық ансамбльдің шетелде алғаш рет өнер көрсетуі. Аты аңызға айналған өнер ұжымы бүгінде қазақ халқының мерейін өсіріп, мәртебесін арттырып жүр.

Әлем елдеріне ұлтты танытып жүрген «Тоқырауын толқындарын» жерлестері әсем әнге салып, шашу шашып, Кеншілер мәдениет сарайының төрінде қарсы алды. Ұлт дәстүрін, тарихын, мәдениетін дәріптеген өнер иелері ерекше қошеметке бөленді. Кездесу барысында фестивальдің қалай өткені жайлы, ондағы түркітілдес халықтардың салт-дәстүрі өнерпаздардың алған әсері жөнінде әңгіме өз жалғасын тапты.

«Тоқырауын толқындары» ансамблінің көркемдік жетекшісі әрі қатысушысы Әлібек Имашов өз ойын білдірді.

– Дүниежүзілік түркі халықтарының фестивалі үшінші рет ұйымдастырылып отырғанымен, Қазақстан алғаш рет қатысты. Фестивальге «Тоқырауын толқыны» ансамблінің қатысып, өнер көрсеткені біз үшін – мәртебе. Әлем елдеріне қазақ халқының ұлттық тағамдары мен киімдерін, салт-дәстүрін паш етіп, еліміздің мерейін асқақтатып келдік. Сонымен қатар, 20 елден қатысқан ұлт өкілдерінің салт-дәстүрімен етене танысып қайттық. Біз бұл фестивальде Тәттімбеттің «Көкей-кестісін» күмбірлетіп, халық композиторларының әндерін орындадық, – дейді Әлібек Имашов.

Келесі сөз кезегін Ақтоғай ауданының мәдениет бөлімінің басшысы Қанағат Асылбекқызы жалғастыра кетті.

– Бұл барша түркі халықтарының бірігуіне себеп болған, ауқымды маңызы зор фестивальдің бірі болды. Біздің ансамбльдің басты ерекшелігі ұлттық киімінде болды. Барлық түркітілдес халық өкілдері таңқалып, ұстап, тіпті киіп те көріп, суретке де түсіп жатты. Оның ішінде, сәукелеге деген сұраныс пен қызығушылық басым болды. Кештің көзайымы болған киіз үй, оның ішіндегі, ою-өрнектерімен құрылысы өзге ұлт өкілдеріне ерекше әсер қалдырды. Фестиваль әрбір халықтың ұлттық құндылығын, мәдениетін жоғалтпай көрсете отырып, болашаққа мұра ретінде қалдыру, жастарға насихаттау мақсатында өтті, – дейді Қанағат Асылбекқызы.

Елу жылдық тарихы бар «Тоқырауын толқындары» үшін бұл сапар ерекше әрі рухани, мәдени құндылыққа бай тарихта қалар сәт болды. Шетел, шекара асып, ұлт намысын қорғаудың өзі – үлкен ерлік.

Аружан СЕРІКБАЙ
Сурет ұйымдастырушылардан

Әлем рекордындағы алып құрақ

Елордада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында Қазақстанның әр өңірінен жиналған шеберлер алып құрақ көрпе тігіп, әлем рекордын орнатты. Осылайша көшпенділер ойынында тамаша тарту жасады. Ежелден тігін өнері мен ісмерлікті меңгерген аналар қауымы ерекше құрақ көрпе тікті. Халқымыздың бай дәстүрі мен ұлттық өнерін танытатын қолөнер туындысына таңданбау мүмкін емес. Құрақ көрпе түрлі қанық түстермен, қазақы ою-өрнектермен көмкерілген.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрақтың ені – 40 метр, ұзындығы – 252 метр. Осы бір ғажайып құраққа «Гауһартас», «Аламан», «Сынық мүйіз» техникалары мен төртқұлақ қошқар мүйіз, өсімдік оюлары қолданылған.

Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген 450-ден астам шебер қолынан шыққан құрақ көрпе әлем жұртын тамсандырды. Еліміздің 19 аймағынан жиналған 450 ісмердің ішінде Қарағанды облысының қолөнершілері де бар.

Атап айтсақ, балқаштық ісмер Зәуре Әбділдина. Ол көп жылдан бері ұстаз. Айтуынша, бала кезінен қазақы нақыштағы құрақ тігуге ден қойған.

– Мен үшін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысу – үлкен мәртебе. Тек қана көрпе тіккен құрақшылар ғана емес, оны тамашалаған көпшілік керемет әсерді басынан кешірді. Қазақтың осындай ғажап өнерін әлемге паш еттік. Шетелден келген қонақтардың барлығы риза болып, суретке түсіріп алып жатты. Игі шараға атсалысқанымызға қуаныштымын. Жалпы, бұл өнерді игеруге ықпал еткен анам. Анам құрақ көрпе тігетін. Шебер болды. Әжем де көрпе тіккен. Кейін тұрмысқа шыққан кезімде енем де құрақ құрайтын, – дейді әл-Фараби атындағы мектеп директорының орынбасары, құрақшы Зәуре Әбділдина.

Оның айтуынша, көрпені тігуде қолданылған ою-өрнек пен түстің өзіндік мәні бар. Мәселен, ортасындағы төртқұлақ оюы «Қазақтың төрт түлік малы аман болсын!», оюды көмкерген гауһартас құрағы «Асыл тастай болайық!», жасыл өсімдік ою «Төртеу түгел болсын, өсіп-өнейік!», ал, оларды қоршаған аламан құрағы «Ақ мол болсын, көк аспанымыз ашық болсын!» деген мағынаны білдіреді. Ал, қызыл оюлар қазақтың кеңпейілділігі мен қонақжайлығын көрсетеді.

Сонымен қатар, қарқаралылық Алтынай Жалмағамбетова да осы жеңіске өз үлесін қосқан.

– Анамның құрақ көрпемен айналысуы тұңғыш қызының тұрмысқа шығуымен байланысты. Алғашқы жұмыстары қыз жасауынан басталған еді. Анам құрақ көрпе тігуге біраз жылын арнады. Білгенімен шектелмей, оны дамытуға, айналасындағы адамдарға үлгі болуға тырысты. Бұл рекорд – анамның еңбекқорлығының, қайсарлығының және ұлтымыздың бай мәдени мұрасының нәтижесі, – дейді Нұргүл Абайхан.

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

● КӨРМЕ

Суретшінің сырлы әлемі

Музей іші. Қабырғада қара қарындашпен салынған түрлі жанның портреті ілулі тұр. Бірі оң жақ қырынан салыныпты. Енді бірі сол жағынан...

Көзіміз майлы бояумен салынған суретке үйреніп қалғаны рас. «Түрлі-түсті сурет бар ма екен?» деп әр туындыға көз тіктік. Жоқ. Бәрі – қара-ала түсті портрет. Кенет, анадайда тұрған аузы, мұрыны салынбаған әйелдің портретін көзіміз шалды. «Аяқталмаған портретті неге қойған?» деген ой келді. Бірақ, біз ойлағандай емес екен.

Көрме залында ілінген портреттердің авторы – Серік Оразғұлов. Бұл суретшінің «Нобайлар» атты алғашқы жеке көрмесі. Адамның бет-пішінін ғана емес, қиял арқылы кейіпкердің образы бейнеленген ерек жанның 30-дан астам туындысы қойылған. Тамашалап қайттық...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмедегі туындылар – автордың әр жылдары салынған топтамалары. Портреттерінің басым бөлігі көмірмен салынған. Серік – осы облыстық бейнелеу өнері музейінің шаңырағында тәрбиеленген шәкірт. Кешегі ардагер суретші Қайрат Қанатұлы, Анатолий Александрович, Гүлнар Қамашқызы сынды ұстаздардан дәріс алған. Бүгінде сол ұстаздарының жолын жалғап, қара шаңырақта еңбек етуде.

– Серік – талантты әрі ақылды жан. Туындылары да адамға ой саларлық. Астарына үңілсең, терең мағынасын түсінесің. Бірақ, осындай керемет туындыларын көрмеге қоюға асықпады. Ұжым болып көрме өткізуге қолқа салғанбыз. Әйтеуір ойлана келе «көрме беремін» деген шешімге келді. Әрине, көрме ұйымдастыру оңай емес. Қобалжығаны рас. Әрі ұзақ дайындалды. Бірақ, ішіндегісін сыртқа көрсетпеді. Шеберлігінде ешқандай мін жоқ. Сырттан тапсырыс түскенде «Осыны Серік жасап берсінші» деп қолқа салатындар көп. Мұндай талантты да, еңбекқор жанның біздің ортада жүргеніне шын қуанамын, – деді музейдің директоры Бибігүл Құдабаева.

Көрмеге өнертану ғылымының профессоры, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Лариса Золотарева да келіп, шәкіртіне жылы лебізін білдіріп кетті.

– Біз өз шәкірттерімізбен мақтанамыз. Музейге кіріп келіп ем, шәкірттерім алдымнан шықты. Бәрі – алдымда отырған оқушыларым. Солардың ішіндегі ерекше айтып өтетіні – Серік. Табиғатынан бөлек шәкіртім. Талай жанрдың ішінен қиын әрі жеңіл портрет жанрын таңдағанына таң қалмаймын. Керісінше, қуанамын. Оған Серіктің қауқары да, білімі де жетеді. Осы өнерін әрі қарай шыңдап, басқа да көрмесін ұйымдастырады деген сенімдемін, – деді Лариса Золотарева.

Суретшінің суретке деген махаббаты бала кезінен ашылған. Анасы алты жасында жетектеп, сурет үйірмесіне апарған көрінеді. Содан бері қарындашын жанына серік етіп, түрлі туындыларын өмірге алып келген.

– Кішкентай кезімде қабырға шимайлап, жерге төселген кілемнің үстін ермексазбен былғайтынмын. Алты жасыма келгенде анам сурет үйірмесіне берді. Жаныма жақын жанр – портрет. Мен үшін ол – жеңіл әрі ауыр.



Адамның көңіл күйін бет-бейнесінен-ақ ажыратуға болады. Адамның жүзі алдамайды. Ия, барлық адамның жүзі әдемі. Көрікті. Бірақ, суретші ретінде сенің міндетің оның әдемілігін емес, үлкен образын ашу, – деді суретші.

Музей төрінде тұрған әлгі әйел портреті тегіннен-тегін салынбаған. Автор өз сөзінде «Әр адам осы портретке қарап, өз образын құрастыра алады» дейді. Қиялдың шегі бар ма? Қоғамға емес, айналаңызға қараңызшы. Әр адамның басында түрлі жағдай. Түрлі тағдыр. Бірақ, оны сізге шешіліп ешкім айтпайды да. Себеп, ешкімге сенбеуінде. Бұл – сіз бен біздің емес, қазіргі өмірдің жазылмаған заңы. Ал, адамның басында болып жатқан жағдайды тек екі көзінен ғана оқи аласыз. Осы портретке қарап жалғыздықты сезінеді екенсіз. Ал, бейнеге ерекше мазмұн беріп тұрған – көмір. Кейіпкердің тағдырын толық ашу үшін суретші қара отынды арнайы пайдаланыпты.

– Көмір – жұмсақ материал. Мысалы, қарындашпен сурет салсам, қарапайым дүние шығады. Ал, көмірді қолыңмен баса отырып салған дүниең көлемді әрі ерекше мән-мағыналы болып шығады. Сондықтан, көмірді портретке жан бітіру үшін пайдаланамын. Акварель, түсті бояу сынды бояу түрлерінен гөрі жаныма жақыны – көмір.

Осы көрмемдегі суреттің бәрі графика жанрында салынған. Алдағы уақытта кескіндеме жанрында ұлттық нақыштағы көрмемді өткізгім келеді. Ұстаздарымның «Графика – ері, кескіндеме – әйелі» деп айтқаны әлі есімде. Мен логикалық тұрғыда графика жанрына жол бердім. Енді кескіндеме жанрына көшіп, тағы бір көрмемді бергім келеді, – деді суретші.

Суреттерді түсірген **автор**

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 105 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ**